



ҚЫЗЫЛ
ПАСПОРТПЕН
ЖҮРГЕНДЕРДІҢ
НЕ ОЙЛАҒАНЫ
БАР?

Қазақстанның тәуелсіз ел атанғанына 34 жыл өтсе де, кеңестік «Қызыл паспортпен» жүрген азаматтар әлі де азаяр емес. Еліміздің азаматтығын алу үшін құзырлы органдарға жүгінбеген олардың көпшілігі орталықтан шалғай жатқан елді мекендердің тұрғындары. Бұл ондағы ауыл әкімдері мен учаскелік полиция қызметкерлерінің жұмысында олқылық бар екенін аңғартады. Мәселен жақында Samruk-KazynaTrust корпоративті қоры іске асырып жатқан «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызы жобасы кезінде Қостанай облысының Қазанбасы станциясында бір жағдай тіркелді. Онда бір әйелдің 34 жылдан бері өмірде жоқ елдің, нақты айтқанда КСРО-ның паспорттымен жүргені анықталды.

«Samruk-KazynaTrust» корпоративтік қорының бас директоры Альфия Адиеваның айтуынша, бұл ауыл тұрғыны денсаулығы нашарлаған кезде еріксіз медицина қызметкерлерінен көмек сұраған. Алайда олар Кеңес одағының құжатымен жүргендіктен, жәрдем беруден бас тартқан. Содан кейін жаңа құжат рәсімдеуге жасаған талпыныстары сәтсіз аяқталған әйелдің жағдайы «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендей болған. Тек «Саламатты Қазақстан» медициналық пойызының медиаторы мен заңгері бұл іске араласқан соң ғана іс ілгері басады. Олар алдымен Қостанай облыстық Адам құқықтары бюросына, Бас прокуратураға және Ішкі істер министрлігіне ресми өтініш жолдаған. «Сабақты ине сәтімен» дегендей архивтен ауыл тұрғыны туралы мәліметтер табылып, ол енді ресми түрде Қазақстан азаматы атанып отыр. Сондай-ақ дәрігерлер тексеруі кезінде бұл әйелдің онкологиялық ауруы расталып, құжатының рәсімделуі арқасында ол облыстық ауруханаға емделуге мүмкіндік алды.

(Жалғасы 4-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЕРЕШЕККЕ БАТҚАН БАНКТІ
ҚҰТҚАРУ ҚОҒАМҒА ТИІМСІЗ



Мәжілісте «Банктер және банк қызметі туралы» заңға түзетулер қарастырылып жатыр. Жобаға сәйкес, егер мемлекет ірі банкті банкроттықтан құтқарса, оған кеткен шығынды басқа банктер өтейтін болады. Сарапшылардың айтуынша, мұндай тетік ақыр соңында қарапайым халыққа ауыртпалық түсіреді. Себебі банктер қосымша шығынды өз клиенттерінен – комиссиялар, тарифтер мен несие пайыздары арқылы өндіріп алады. Нәтижесінде кредит қымбаттауы әбден мүмкін.



ТАЛҚЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КЕЗЕҢІНДЕ
АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Цифрлық құқықтық орта барлық секторлар теңгерімді болып, бір уақытта дамуы керек. Сандық заңдармен қатар қылмыстық, әкімшілік және процесуалдық заңнамадағы өзгерістерге жүйелі көзқарас қажет. Қазіргі уақытта цифрлық ортадағы бұзушылықтарды тергеу үшін цифрлық дәлелдемелер мен сандық криминалистика тетіктері жоқ.

Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен тыңдауда айтылды. Алқалы жиынға мүдделі мемлекеттік органдар басшылары мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, отандық және шетелдік сарапшылар, көшбасшы мамандар қатысты. Оған жасанды интеллект саласындағы Еуропа заңдары авторларының бірі – Дүниежүзілік экономикалық форумның сарапшысы Генрик фон Шейл мырза да арнайы келді. Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов та осы жиыннан табылды. Рогов мырзаның бұл талқылауға қатысуы жасанды интеллект саласындағы адам құқын қорғау-

дың маңызын көрсетсе керек. Жиында баяндама жасаған Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушы Жаслан Мәдиевтің айтуынша, елімізде жасанды интеллектті дамытуда үш бағытқа яғни, институционалдық ортаны қалыптастыру, инфрақұрылымды құру, адами капиталды дамытуға баса назар аударылады. ҚР Парламенті Мәжілісі «Жасанды интеллект туралы» заң жобасын қабылдады. Онымен жұмыс істеу барысында Үкімет, депутаттар мен сарапшылар қауымдастығы арасында жасанды интеллект технологиясын дамытудың бастапқы кезеңінде қатаң реттеуге жол бер-

меудің маңыздылығы туралы бірыңғай түсінікке қол жеткізілді. Институционалдық ортаны қалыптастыру аясындағы келесі ауқымды жоба – Цифрлық кодекс. Ол цифрлық саланы кешенді құқықтық реттеуді қалыптастыруға бағытталған. Кодекс цифрлық трансформация тетіктерінен бастап цифрлық қатынастарды реттеуге және цифрлық тәуекелдерді басқаруға дейінгі көптеген мәселелерді қамтиды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша осы жылдың мамыр айында Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құрылды. Кеңес сараптаманың ерекше деңгейімен ерекшеленеді және оның құрамына Ли Кай-Фу, Омар аль Олама, Джон Хопкрофт, Питер Норвиг және т. б. сияқты жасанды интеллект саласындағы танымал әлемдік көшбасшылар кіреді. Келесі аптада ҚР Президенті жанындағы Жасанды интеллект жөніндегі кеңестің бірінші отырысы өтеді. Отырыстың негізгі

тақырыбы білім берудегі ЖИ және адами капитал болады.

Сарапшылардың пікірінше, крипто индустриясы жасанды интеллект валютасы болып табылады. Жақын арада министрліктің қолдауымен криптовалютадағы тауарлар мен қызметтер үшін ақы төлеу, мемлекеттік майнингті іске қосу, теңгемен стейблкоин шығару, крипторезервті қалыптастыру және басқа да бағыттар дамитын болады.

Иә, цифрлық орта – адамның жаңа мекендеу ортасы. Экономика мен еңбек нарығын, денсаулық сақтау мен білім беруді, дәстүрлі құқықтық және мемлекеттік институттарды өзгертуге әлеуеті бар орта. Сондықтан уақытылы және теңгерімді реттеу саясаты қарқынды технологиялық прогресс кезеңінде ұлттық дамудың негізгі шарттарының бірі.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет



Ұлттық мүдде Конституцияда
нақты көрініс табуы тиіс

6-бет



Заң мен Тәртіп –
ертеңгі темірқазық

8-бет



Түн сақтаған құпия

МӘСЕЛЕ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Мемлекеттік тіл мәртебесі Конституциямен бекітілсе де, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесі бүгінге дейін өзектілігін жоймай отыр. Оның бір көрінісін сот істерінен де көруге болады.

Мысалы, сот өндірісінде қазақ тілінде қозғалатын істер, әсіресе, қылмыстық процестегі көрсеткіш көңілден шықпайды. Конституцияның 7-бабының 4-бөлігіне сүйенсек, мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Сонымен қатар, Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабы 4-бөлігінде сот отырысына қатысушыларға істің қажетті, басқа тілде жазылған материалдары қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне тегін аударылып берілетіні айқындалған.

Заң талабына сәйкес, алдын ала тергеу қай тілде жүргізілсе немесе сотқа талап арыз қай тілде түссе, сот ісі сол тілде жүргізіледі. Дегенмен, мемлекеттік тілді дамыту халықтың өз қолында. Бұл үшін кез келген қызметке мемлекеттік тілде жүгініп, өзін осы тілде қорғауға күш салу керек.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, мемлекетте қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Бұл заңдылық кез келген қылмыстық істі қазақ тілінде бастауды талап етеді. Мемлекеттік тіл сот жүйесінде кеңінен қолданылуы үшін заң талабы қатаң түрде сақталуы тиіс. Бүгінде мемлекеттік тілді жетік білетін судьялар мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері жеткілікті болғанымен, тілге қа-

тысты нәтиже көңілден шықпай отыр.

Заңға сай, іс жүргізілетін тілді білмейтін не жеткілікті білмейтін қатысушылар өзінің ана тілінде сөйлеу, түсініктемелер мен айғақтар беру құқығына ие. Сол себепті, сотта қылмыстық іс қаралғанда іс жүргізу тілі жөніндегі заңдылық қатаң сақталады. Қылмыстық-процестік кодекстің 320-бабына орай, сот отырысын тағайындау туралы мәселені шешу барысында сотталушылардың әрқайсысына қатысты мән-жайлар, атап айтсақ, істің осы соттың соттылығына жататын-жатпайтыны, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға не тоқтата тұруға әкеп соқтыратын мән-жайдың бар-жоғы, сотқа дейінгі тергеп-тексеру және жеделдетілген тергеп-тексеру жүргізу, процестік, медиация тәртібімен келісім жасасуда қылмыстық-процестік заңды бұзуға жол берілгені-берілмегені, т.б. анықталады. Іс жүргізу тілі жөніндегі заңдылық бұзылса, оны жою үшін іс прокурорға қайтарылады.

Қолданыстағы норма қылмыстық сот ісін жүргізуде негізгі тіл мемлекеттік тіл екенін айқындап отыр. Осыған орай, «сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу» ұғымы мен «қажет болған жағдайда басқа тілдерді қолдану» түсінігін бір мағынаға сыйғызуға болмайды. Жоғарыда айтқанымыздай, кез келген қылмыстық істі құқық қорғау органдарының қызметкерлері мемлекеттік тілде бастауға міндетті. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде



М.АЛЬМУХАНБЕТОВ,
Ырғыз аудандық соты
төрағасының
міндетін атқарушы

қылмыстық процесті жүргізетін орган немесе лауазымды тұлға күдікті мен айыпталушыға оның сот ісін жүргізу тіліне қатысты құқығы мен міндетін түсіндіре отырып, таңдайды. Сотқа түсетін істерде мемлекеттік тілде аяқталған істердің аз болуы айтып отырған жағдаймен байланысты. Егер қылмыстық істерде сот өндірісінің тілі тергеп-тексеру органы тарапынан бұзылса міндетті түрде жеке қаулы шығарылып, шара қолданылғаны жөн.

Сот ісін жүргізу тілінің қатаң сақталуы өз кезегінде азаматтардың құқығы мен бостандығының әділ қорғалуына кепіл болады. Барлық мемлекеттік орган қызметкерлері азаматтардың құқықтық сауатын көтеруге атсалысып, олардың өз құқығын мемлекеттік тілде қорғай алатынын түсіндіруі маңызды.

Мемлекеттік тілге құрмет – елге деген құрметті білдіреді. Осы себепті, елдің болашағына жауапкершілікпен қарайтын әрбір қазақстандық мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге атсалысуға міндетті.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

МЕДИАЦИЯ
ҚОҒАМДАҒЫ
ШИЕЛЕНІСТІ
ТӨМЕНДЕТЕДІ

Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Кезінде азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі мақсаты – келген шығынды қалпына келтіріп, дауласушыларды бітімге жеткізу.

Тараптар өзара жол беру негізінде сот процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Мұндай келісімді, егер оның шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін бұзатын болса, бекітпейді. Егер тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімінің шартын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, халықты дауды сотқа дейін реттеуге мүдделі етуге, қоғамдағы шиеленісті төмендетуге оң ықпал ететін «Медиация туралы» заң қарқынды жалғасуда.

Сот тәжірибесіне келер болсақ, азаматтардың отбасылық дауларға қатысты талап қоюын қараусыз қалдыру туралы ұйғарымдар саны күрт өскен. Бұл үрдіс судьялардың татуластыру рәсімін тынымсыз жүргізіп келе жатқанын көрсетеді.

Статистиканы келтіретін болсақ, 2023 жылы Түркістан облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының өндірісіне түскен азаматтық істердің саны – 1904, соның ішінде медиация тәртібімен тоқтатылғаны – 100, қараусыз қалдырылғаны – 174, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылғаны оң ықпал ететін «Медиация туралы» заң қарқынды жалғасуда.

Медиация институтының аясын кеңейту, тиімділігін халыққа жеткізу, түсіндіру қажет. Осы мақсатта әлеуметтік желілер арқылы жазбалар дайындап, БАҚ-та мақалалар жариялау басты назарда.

С.АБСАМАНОВ,
Түркістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ТҮЙТКІЛ

АЖЫРАСУ ҮЙРЕНШІКТІ
КӨРІНІСКЕ АЙНАЛДЫ

Бытырмен салыстырғанда ажырасушылар өте көп. Бұрынғы қазақ қоғамында ажырасу екі рулы елдің абыройына қара таңба салғанмен тең болатын. Содан болар қандай жағдайда да қазақ тұрмысында отбасы құндылығы сақталып келген еді.

Бүгінде өркениетті қоғамда өмір сүріп жатсақ та, отау құрып жұбайлық өмір бастаған жастардың отбасы жауапкершілігін түсінбейтіні қынжылтады. Неке бұзуға арыз берушілердің жас шамасы 25-35-ті құрайды. Ажырасуға бекінген ерлі-зайыптылардың әрқайсысының кемінде 2-4 кәмелетке толмаған жас баласы бар. Десек те, екі жаққа кетуге шешім қабылдағандар пікірін баласының бары да, ұл-қызының қарсылығы да өзгертуге қауқарсыз.

Қазіргі уақытта сотқа неке бұзуға арыз беруге көбіне ер азаматтар келеді. Бұрын мұндай арыздарды тек әйелдер беретін еді. Заман ағымы өзгерді ме? Әлде тепсе темір үзетін, елімізге, одан қалды нәзік жандыларға қорған болатын ер азаматтарымыз ұсақталып кеткені ме?

Некенің бұзылуы ең алдымен балаға кері әсер етеді. Әкесі мен анасының келіспеушілігі балалардың мазасын кетіреді, көңіліне қорқыныш ұялатады, айналасына үрейленіп қарап, жанұядағы жайсыздықты алғаш сезеді. Кей жағдайда бірін-бірі жақсы көріп үйленген екі жастың ажырасуына ата-анасы себеп болып жатады. Екі жас бірін-бірі жақсы көргенмен, арадағы әңгімеден соң аралары салқындайды. Екі жасты үй болуға дайындау, аз ғана түсініспеушілік туғанда сәл демеп жіберу, көмек көрсету – ата-ананың міндеті

Ажырасу – отбасылық мәселенің шешімі емес, керісінше бұл ұрпағыңыздың келешегіне кері ықпал етеді. Сондықтан жазығы жоқ балалардың болашағы үшін адами тұрғыдан отбасын сақтаған дұрыс.

Ж.КЕҢЕСОВА,
Мақат аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

КЕЛІСЕ БІЛУ –
ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ КІЛТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті «Адам және құқық» Медиаторлар және заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлесіп «Медиация – құқықтық және коммуникативтік мәдениет элементі» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өткізді. Шараның мақсаты – құқықтық және коммуникативтік мәдениеттің маңызды элементі ретінде медиацияны дамытуға жәрдемдесу, халықаралық тәжірибе алмасу, сондай-ақ мектептегі медиацияның рөлін, осы саладағы жобаларды іске асыруды талқылау.



Шараға ғалымдар, медиаторлар, заңгерлер, қоғам қайраткерлері, халықаралық сарапшылар қатысты. Қатысушылар Қазақстандағы және одан тыс жерлердегі медиация институтының дамуына қатысты пікірін білдірді. Мысалы, Заң факультетінің деканы Уәлихан Ахатов Қазақстанның білім ордаларына медиацияны енгізудің маңызын атап өтті. «Медиация – оқушыларға сындарлы диалог пен өзара түсіністікті үйренуге көмектесетін, дауларды шешудің тиімді құралы», – деді У.Ахатов.

Профессор У.Ахатовтың айтуынша, мектептерде даулар мен түсініспеушілік жиі туындайды, олар елеулі дауға айналуы мүмкін. Медиация мұндай жағдайды тез әрі бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік беріп қоймай, балалардың қарым-қатынас, эмпатия және жауапкершілік дағдысын дамытуға ықпал етеді. Қазақстан мектептерінде медиацияны енгізу әлдеқайда

жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының аға оқытушысы Аққу Муксинова жиында «Құқықтық дауларды медиативтік шешудің артықшылығы» атты баяндама жасап, сотқа жүгіну әрқашан жанжалды шиеленістіретініне назар аударды. Себебі сот шешімінен кейін әрқашан «жеңген» және «жеңілген» тарап болады. Ал жанжалды шешудің тиімді нұсқасын іздеу – екі тарапқа да пайдалы.

Бүгінгі таңда Қазақстанда судьялардың медиацияны жүргізу тәжірибесі қалыптасқан, бұл өз кезегінде сот төрелігін іске асыруға да, дауды сот арқылы шешудің

Қазақстан мектептерінде медиацияны енгізу әлдеқайда қауіпсіз және достық ахуал қалыптастыруға көмектеседі, зорлық-зомбылық пен буллинг деңгейін төмендетеді, сондай-ақ жастарды заманауи қоғамдағы өмірге дайындайды, онда келісе білу – табысқа жетудің кілті.

қауіпсіз және достық ахуал қалыптас-

тыруға көмектеседі, зорлық-зомбылық пен буллинг деңгейін төмендетеді, сондай-ақ жастарды заманауи қоғамдағы өмірге дайындайды, онда келісе білу – табысқа жетудің кілті.

Халықаралық кәсіби медиаторлар мен заңгерлер институтының Басқарма төрағасы Жанар Үсіпбекова медиацияны мектептерде дамыту өте маңызды екеніне, осындай жолмен өскелең ұрпаққа коммуникация мәдениетін сіңіруге болатынына егжей-тегжейлі тоқталды. Келісімге келе білу – бұл әлеуметтік өзара іс-қимылдың өте қажетті аспектісі.

Қырғыз Республикасының кәсіби медиаторы Фируза Акматова Қазақстанда медиация жақсы дамығанын және Қырғыз Республикасымен салыстырғанда медиацияны қолдану тәжірибесі өте белсенді әрі өнімді екенін атап өтті.

ҚазҰУ-дың азаматтық құқық және азаматтық іс

баламасы ретінде медиацияны дамытуға да кері әсерін тигізеді. Медиация дауларды шешудің қоғамдық нысаны болып қалуы тиіс, осылайша ол сот жүйесін жеңілдетіп, өзінің негізгі мақсатына жете алады. Судья – құқық қолданушы екенін ескеру қажет, ал медиатор дауласушылар үшін тараптардың әрқайсысының мүддесін ескере отырып, өзара тиімді шешім табуды мақсат етіп қояды. Медиативтік шешімді дауларды шешудің басқа рәсімдері алдында, соның ішінде сот шешімі алдында да басымдыққа ие етеді.

Алматы қаласы Медеу аудандық сотының судьясы Динара Құйқабаева жиында азаматтық-құқықтық дауларды шешуде медиацияның маңызына тоқталды. Табысты жүргізілген медиация сот жұмысын айтарлықтай жеңілдетуі мүмкін. Медиацияның артықшылығы туралы жұртшылықты барынша хабардар ету қажет. Мысалы, көпшілік медиация туралы келісімнің заңды күші бар, әрі дауды шешудің жедел тәсілі екенін білмейді.

ТАЛҚЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КЕЗЕҢІНДЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)


Ал Парламент бұл ретте заң шығарушы орган ретінде шешуші рөл атқарады.

Жиында сөз алған Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов қабылданған нормалармен шектеліп қалмай, қарқынды дамып келе жатқан салада жаңа технологияларды ескере отырып, заңнаманы тұрақты мониторингiлеу және бейімдеп отыру қажеттігін атап көрсетті. Уақытылы реттеп отырмаса, біз болашақта салдарын бақылау қиын болатын қауіптерге тап болуымыз мүмкін.

Сонымен қатар Қошанов мырза жасанды интеллект еңбек нарығына айтарлықтай әсер ететініне нақты мысалдармен назар аудартты. «McKinsey» компаниясының болжамы бойынша, 400 миллионнан астам адам жасанды интеллект салдарынан жұмыс орындарынан айырылуы

мүмкін. «Microsoft» қазірдің өзінде жасанды интеллектті алмастыратын мамандықтарды атады. Олардың арасында аудармашылар, журналистер, редакторлар, маркетингтер, PR-мамандар бар. Бұдан мемлекеттік қызмет те тыс қалмауы мүмкін. Жасанды интеллект саяси партиялардың жұмысына да еніп келеді. Дегенмен, барлық процестердің драйвері әлі де адам екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан бүгінде барлық сала өкілдері жасанды интеллектпен жұмыс істеудің негізгі машықтарын меңгергені жөн.

Ал, депутат Екатерина Смышляева бұл саладағы құқықтық реттеудің маңызына назар аудартты. Оның сөзінен көп нәрсені түйдік. Мәселен, жасанды интеллект саласындағы жаһандық реттеу қағидалары, кодекстер және ерікті стандарттар әл-



сіз. Сондықтан ұлттық жүйелер азаматтардың құқықтарын қорғау және олардың экономикалық мүдделерін ілгерілетудің негізгі жүгін өз мойнына алу керек. Жақында Сенатқа «Жасанды интеллект туралы» негізгі заң ұсынылды. Мәжіліс Цифрлық кодекс

жобасын әзірлеуде. Бұл іргетасты әлі де нығайта түсу керек. Жасанды интеллект революциялық емес, эволюциялық жолмен жүзеге асырылуы үшін жүйелілік, нақты есептеулер және тәуекелдер мен мүмкіндіктерге назар аудару маңызды.

Ведомствоаралық деректер алмасу ерекшелік емес, талап болуы керек. Сонымен қатар, деректер құндылығы жағынан дәстүрлі минералды ресурстармен салыстырылатын қымбат ресурсқа айналады. Дегенмен, бүгінде халықаралық корпорациялар мен платформалар біздің деректерімізді белсенді пайдаланады, бірақ олар ұлттық экономикада өз орнын таба алмады. Сондықтан, заң шығарушы билік алдында деректер экономикасының толық құқықтық базасын құру міндеті тұр. Олардың айналымы, сондай-ақ капиталдандыру және монетизациялау процедуралары да реттеуді қажет етеді.

Деректерді иелену құқықтары да анықталуы керек. Деректер экономикасы бізге жеке ақпаратымыздың толық иесі болуға және нарық жағдайында платформалармен және корпорациялармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін азаматтың цифрлық әмиянын дамытуы керек.

Тағы бір мәселе бұрмалау, тұрақтылық және қауіпсіздік үшін тестілеу қазірдің өзінде басымдық. Техникалық стандарттарды халықаралық стандарттарға сәйкес және ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып жаңартуды, енгізу қажет. Реттеудің маңызды аспектісі техникалық нәзіктіктерге толы цифрлық заңдар.

Бұл жаңа нысандарды түсінуді қиындатады. Мұндай заңдарды жүзеге асыру үшін біз сандық судьяларды, адвокаттарды, прокурорларды және заң кеңесшілерін оқытуымыз керек.

Жасанды интеллект дәуіріндегі цифрлық құқықтың тағы бір ерекшелігі бүгінде заңгерлер оқитын заңды ертең алгоритмдер түсінуі керек. Сондықтан нормативтік құқықтық актілердің машинада оқылатын нысандары туралы қазірден ойлану қажеттігі туындайды. Жалпы, жасанды интеллектпен жұмыс істейтін шешімдердегі ұлттық тіл үлгілері мен отандық контентті дамыту цифрлық егемендік мәселесі. Біз жаһандық корпорациялардың мазмұнды қалай түсіндіретініне тәуелді болмай, өз үлгілерімізді іске қосуымыз қажет.

Төктерін айтқанда, технология түсініп отыруды күтпей дами береді. Егер жасанды интеллектке тек ойыншық немесе жылдам әрі тез мақсатқа жету құралы ретінде қарайтын болсақ, біз ең бастысы – даму мен жауапкершілік арасындағы тепе-теңдікті жіберіп алуымыз әбден мүмкін. Сондықтан бұл саланы зерттеп, зерделеп, оң қадам жасау керектігі анық.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

САРАП

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ КОНСТИТУЦИЯДА НАҚТЫ КӨРІНІС ТАБУЫ ТИІС

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары қоғамдық-саяси жағдай аса күрделі болғандығы белгілі. Нарықтық қыспақ пен экономикалық тоқырау әсерінен сол кездері бірқатар жайттарға аса мән беріле қоймағандығы да мәлім. Алайда мемлекеттің негізгі саяси ұстаным белгілі бір дәрежеде ұлтаралық келісімді сақтауға негізделгендігін айта кеткен жөн. Мұның өзі сол жылдардағы геосаяси жағдайлардан, ішкі саясаттағы қажеттіліктерден туындаған еді.



Қазіргі таңда жаһандану тұрғысынан қарастыратын болсақ әрі әлемдік тәжірибеге сүйенсек – Қазақстанда қалыптасқан конституциялық құқықтық негіздің кейбір кемшін тартып жатқан тұстары байқалады. Мәселен, бірқатар мамандар мемлекеттегі ұлттық-құқықтық жүйе елдің ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келмейтіндігі туралы сөз көтеріп жүр. Қоғамдық пікірде мұндай мәселенің кездесіп жатуы заңды құбылыс. Өйткені заңгер-мамандар тарапынан қордаланған мәселені талдап, талқылап отыру әлемдік тәжірибенің құрамдас бір бөлігі.

ҚР Конституциясы бірнеше рет өзгертулер мен толықтыруларға қарамастан, осы уақытқа дейін елдің ұлттық мүдделеріне сәйкес келмейтін ережелерге ие. Осы жерде тарихи-салыстырмалы принципті негізге алсақ дейміз. Мәселен, 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР Конституциясының кіріспесі мәтінінің мазмұны бойынша қазақ мемлекеттілігінің даму тарихы толық деңгейде түсінікті емес: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбіт-

шіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз».

«Байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» деген сөз тіркесі көптеген ғасырлар бойы қызмет етіп келе жатқан қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығын дәл анықтауға мүмкіндік бермейді А.А. Салимгерей «Қазақстан Республикасы Конституциясының кіріспесі қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығын бекітпейді және елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді».

Мысалы, Өзбекстан Республикасы Конституциясының преамбуласында – біздің мемлекеттілігімізді дамытудың үш мың жылдан астам тарихи тәжірибесіне, сондай-ақ әлемдік өркениетке баға жетпес үлес қосқан ұлы ата-бабалардың ғылыми, мәдени және рухани мұрасына сүйене отырып деп бекітілген.

Немесе Армения Республикасы Конституциясының преамбуласында – Армян халқы Армян мемлекеттілігінің іргелі қағидаларына және

Арменияның Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген Жалпыұлттық мақсаттарға сүйене отырып, егеменді мемлекетті қалпына келтіру туралы бостандықты сүйетін ата-баларының қасиетті келісімін жүзеге асырды. Осыған орай, Қазақстан Конституциясы кіріспесінің мәтінін келесі негіздер бойынша өзгерту қажеттігін тұжырымдайтын қазақстандық заңгер А.А. Салимгерейдің ұсынысымен келіскен жөн:

«Біріншіден, «құру» термині құру, жасау, өзгерту дегенді білдіреді. Дәйексөздің логикасына сүйене отырып, «байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып», Қазақстан өзінің мемлекеттілігін қалыптастырады, алайда келесі сұрақ туындайды: мемлекеттілікті құру үшін қандай негізді бастау ретінде алу керек?

Екіншіден, «байырғы қазақ жерінде» деген тіркес қазақ мемлекеттілігінің ғасырлар бойғы даму тарихының сабақтастығын бекітпейді. Ғасырлар бойы өз аумақтарында өмір сүрген, бірақ сонымен бірге мемлекеттілігі жоқ көптеген ұлттардың ата-бабаларының жерлері бар екені белгілі.

Сәйкесінше, «байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» деген дәйексөз маңызды екі сұраққа жауап бере алмайды.

Бірінші. Қазақстан 1991 жылдан бері алғашқы тәуелсіздігін алды және өзінің мемлекеттігін қалыптастыруда?

Екінші. Біздің елімізде қазақ мемлекеттілігінің дамуының көп ғасырлық тарихы болған, ал 1991 жылы КСРО мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатқан кезде Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы тәуелсіздігін қалпына келтіріп, Қазақстан Республикасы деп атала бастады?». Әрине, Қазақстан Конституциясы кіріспесінің: «байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» деген дәйексөзі қазақ мемлекеттілігінің ғасырлар бойғы дамуы туралы біржақты айтуға мүмкіндік бермейді.

Осыған орай, 2023 жылғы 25 қазанда Республика күнінде Қазақстан Президенті Қ.К. Тоқаев біздің «көпғасырлық мемлекеттілігіміздің

қайта өрлеу күні Түркі қағанаттары, Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуірінен бастау алатынын» атап өтуі кездейсоқ емес деген ойдамыз.

Қазақстан Президентінің айтқан сөздері Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің қалыптаса бастауының мыңжылдық даму тарихы бар екенін растайды.

Егер бір мемлекеттің екіншісіне ауысуы орын алған болса, мысалы, Түркі қағанатының орнына Батыс Түркі, Шығыс Түрік қағанаттары немесе Қарлұқтардан кейін Қараханидтер мемлекеті және т.б. келген болса, онда мұндай оқиғалар Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің жұмыс істеу фактісін жоққа шығармайды. Мұндай тарихи кезеңдер мемлекеттіліктің негізін шыңдай берді деуге болады. Яғни, қазіргі қазақ халқының территориясындағы кез келген бұрынғы мемлекеттік бірлестік оның мемлекеттілігінде өзіндік бір қолтаңбасын қалдырды деуге тарихи негіз бар.

Сонымен қатар, XVIII–XIX ғасырларда Қазақтың аумақтары патшалық Ресейге қосылғанға дейін тәуелсіз мемлекеттік құрылым – Қазақ хандығы болған, онда халықаралық құқықтық субъектінің барлық белгілері болды. Қазақ профессоры М.А. Сәрсембаевтың пікірінше: «Осы кезең ішінде Ресей империясының қазақ жүздерін «иемденуі» орын алған жоқ; соңғылары XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін Ресейге бағынышты болғанымен, олар халықаралық құқық қабілеттілігінің барлық элементтерін әлі де жоғалтпаған еді, бұл сол кезеңдегі Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасын протектораттық-вассалистік деп анықтауға мүмкіндік берді. Бұл пікірдің пайдасына Ресей халықаралық қатынастарда қазақ жүздерінің атынан өкілдік етуге және қазақтардың жерлерін көрші мемлекеттердің шабуылдары мен басқыншылықтарынан қорғауға міндеттеме алғанын да айтуға болады».

Осылайша, Қазақ хандығының Батыс, ішінара Орталық және Солтүстік-шығыс бөліктері XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясының құрамына кірді. Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс және Орталық Қазақстанның бір бөлігі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап немесе 1917 жылы Ресей империясындағы Ақпан төңкерісіне дейін шамамен 50 жыл бұрын Ресей мемлекетінің құрамына енді. Орталық Азияның барлық қосылған аумақтары, сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында – бұрынғы Қазақ хандығы, Қоқан хандығы Түркістан, Батыс Сібір және Орынбор генерал-губернаторлығының құрамына енгізілді, ал Хиуа хандығы мен Бұ-

хара әмірлігі Ресей империясының протекторатының астына өтті.

Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі орыс және қазақ мемлекеттілігінің даму динамикасын көрсететін келтірілген тарихи хронология басқа елдердегідей Ресей тарих ғылымында да, Қазақстан ғылымында да жоққа шығарылмайды. Бұл Ресей мемлекеттілігінің дамуы туралы Ресей Федерациясының картографиялық мәліметтерімен расталады.

Осылайша, Қазақстан мемлекеттіліктің дамуының ғасырлар бойғы тарихына ие болды және 1991 жылы КСРО өмір сүруін тоқтатқан кезде, мемлекет ретінде – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы қайтадан тәуелсіз мемлекетке айналды және Қазақстан Республикасы деп аталды.

2023 жылғы 17 маусымда Түркістан қаласында Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Қ.Ж.Тоқаев: «Бүгін біз халықаралық жағдайдың бұрын-соңды болмаған шиеленісуін көріп отырмыз. Халықаралық жағдай мәз емес, сондықтан Қазақстан Республикасы бұрынғыдан да біртұтас болуы тиіс» деп атап өтті.

Осыған орай, өзінің ұлттық мүдделерін қорғау жөніндегі Қазақстан мемлекеттілігінің жай-күйі ең алдымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының мазмұнында нақты конституциялық-құқықтық негізге ие болуы тиіс.

Атап айтқанда, «байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» деген сөз тіркесінің орнына «қазақ мемлекеттілігінің мыңжылдық дәстүрлерін жалғастыра отырып» деген мәтіннің жазылғаны абзал.

Конституция кіріспесінің мәтініне өзгерістер енгізу мыңжылдық даму тарихы бар қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығын заңдастырады және Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздік деңгейін арттырады, елдің аумақтық тұтастығын қозғайтын сыртқы қатерлерге неғұрлым тиімді қарсы тұруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған мәтін осы жердің иесі де, оның мирасқоры да қазақ халқы екендігін, оның мемлекеттілік дәстүрі бірнеше мыңжылдықтарда қалыптасқандығын әлемге паш ете алады.

Досбол БАЙГУНАКОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ақылбек ИСАБЕКОВ,
заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ұлттық Заң академиясының академигі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БЕРЕШЕККЕ БАТҚАН БАНКТІ ҚҰТҚАРУ ҚОҒАМҒА ТИІМСІЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заң ғылымдарының кандидаты Дәулет Әбжанов «ЮРИСТ «Параграф» порталында жариялаған мақаласында жаңа заң жобасының 100-бабы өткір резонанс туғызып отырғанына назар аудартты. Бұл бапта мемлекет пен салымшылардың шеккен залалын қалыпты жұмыс істеп тұрған өзге банктер есебінен өтеу ұсынылады. Бұған дейінгі тәжірибе бойынша жүйе құраушы банк жайрап қалмауы үшін мемлекет оған бюджеттен, Ұлттық қордан көп көлемде қаржы бөлетін, айналымдық қаржысын толтыратын. Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ұлттық қоры оның акцияларын сатып алатын.

ЖАҢА СХЕМА ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Заң жобасында жүйелік маңызы бар екінші деңгейлі банк банкрот болу қаупіне тап болған жағдайда іске қосылатын үшсатылы схема ұсынылған. Біріншіден, қаржылық реттеуші банкке қосымша акция шығаруды міндеттейді. Екіншіден, мемлекет бюджет қаржысы есебінен сол акцияларды сатып алып, банкті уақытша құтқарады. Нәтижесінде банктің негізгі қожайындарының немесе акционерлерінің үлесі қысқарады. Үшіншіден, жағдай тұрақтанған соң мемлекет банк капиталына қатысудан бас тартып, акцияларды жаңа инвесторларға сатуы тиіс. Алайда сарапшының түсіндіруінше, әлгі акцияларды сатудан түскен түсім мемлекеттің сол ЕДБ-ны құтқару үшін жұмсаған бюджеттік шығыстарынан әлдеқайда аз

болып шығуы мүмкін. Бұған дейінгі кезде солай болған. Сондай-ақ бұл – нарық заңы: қуаты қашқан қаржылық ұйымның акциялары қымбат тұрмайды, саналы бірде-бір бизнесмен берешекке батқан банкке үлкен баға ұсынбайды, керісінше, оның шығындарын «жабуға» кететін шығыстарын назарға алып, үлкен дисконтпен сатып алуға ғана келіседі.

Мұндай жағдайда мемлекеттің шығынын қалған банктердің жарналары есебінен өтеу қарастырылады. Жүйе құраушы банкті құтқарудың салдарларын еңсерудің ұжымдық ауыртпалығын көтеруге басқа саламатты банктердің қатысуы мұнымен шектелмейді. Аталған 100-бап құтқарылған банктің депозиторлары мен өзге кредиторларының да шығындарын өтеу үшін бүкіл банк секторына жарна енгізу міндетін жүктейді, – деп мәлім етті Дәулет Әбжанов.

НЕГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ БАНК ҮШІН БАСҚАЛАР ЗАРДАП ШЕГУІ КЕРЕК?

Салдарынан, басшылығының сауатсыз, тіпті арам қарекеттері кесірінен ірі банктің төлем қабілетінің төмендеуі бүкіл банк секторына теріс әсер етеді. Мұндай талап шетелдік банктерді қазақстандық қаржы нарығына кіруден айнытуы мүмкін. Жаңа заң жобасында күрделілеу схема ұсынылған. Ол бойынша: реттеу режимін қолдану нәтижесінде жүйе үшін маңызы бар банктің депозиторлары мен өзге кредиторларының іс жүзінде шеккен шығындары;

реттеу режимін қолданбай, банкті мәжбүрлі таратқан жағдайда банк кредиторлары мен депозиторлары шегуі мүмкін шығындар арасындағы айырманы өзге банктер өтеуге мәжбүрленеді.

Бұл айырманың қанша соманы құрайтынын мемлекет, яғни, шенеуніктер белгілейді. Салдарынан, басқа барлық қалыпты жұмыс істеуші банктерге мемлекеттің де, депозиторлардың да, өзге кредиторлардың да шығындарын өтеу жүгін бірлесе көтеруге тура келеді. Сарапшы мұнда коррупциялық қауіп-қатер барына назар аудартты. Мысалы, Қазақстан тарихында бұған дейін болғандай, қандай да бір алпауыт банктің топ-менеджменті биік лауазымды шенділердің қалқан болуымен, банктің активтерін тонап, шетелге шығарып әкетіп, табанын жалтыратуы ғажап емес. Олардың қолымен от көсеген «шортандар» жасырын қалады, есепсіз байлыққа батады. Есесіне, олардың заңсыз мәмілелерінен бұған еш қатысы жоқ өзге банктер зардап шегуі мүмкін. Сарапшы құтқарылған банктің топ-менеджментінің ғана емес, дағдарыстың алдын ала алмаған қаржылық реттеу агенттігі басшылығының қателігін өзгелерге өтеу ұсынылып отырғанын қаперге салды. Әбжанов сыбайлас жемқорлыққа дем берер тағы бір ықтимал сценарийді сипаттады: ол бойынша шенеунік пен жаңа инвестор құтқарылған банктің акцияларын барынша төмен бағаға, тіпті су тегінге сату туралы өзара ымыраласып алуы мүмкін. Өйткені бұдан

бәрібір мемлекет шығын шекпейді: залалды қалған банктер өтейді.

Осы аталған шығындардың бәрінің ауыр жүгін ақыр соңында кімнің көтеретінін білесіз бе? Барлық банктің клиенттері! Себебі, өзге екінші деңгейлі банктер мемлекеттің шығындарын өтеуге кеткен төл шығыстарын өтеуі керек. Олар оны қалай өтейді? Банктік тарифтері мен комиссияларын көтереді. Бизнестің заңдылығы осындай. Міне, осы себепті ұсынылған схемадан түптің түбінде тек қалыпты жұмыс істейтін банктердің клиенттері ғана жапа шегетін болады, – деді Дәулет Әбжанов.

КӨТЕРІЛГЕН ТАРИФТІҢ ТӨМЕНДЕГЕН КЕЗІ ЖОҚ

Бұған қоса, банктердің бәрінде кредиттердің сыйақылары, қызмет көрсету құны жоғарылайды. ЕДБ-лар өз шығыстарын қайтарып алғаннан кейін тарифтері мен комиссияларын қайтадан арзандатпайды.

Өйткені бұл олар үшін жаңа нормаға айналады және кіріс бойынша келесі жоспарларға негіз болады. Егер клиенттерінен жинайтын ақыларын төмендетсе, бұл банктің кірісін азайтады, табыстылық-рентабельділігіне кері әсер етеді, акцияларының құнсыздануына соқтырады. Сарапшы жаңа заң жобасында тек жүйе құраушы банктерді ғана мемлекеттің құтқаруы көзделетінін ескертті. Елдегі 22 банктің оншақтысы ғана жүйелік маңызы бар ЕДБ саналады. Қалған ұсақ банктердің кемсітушілікке ұшырайтын түрі бар: бір жағынан, егер ахуалы нашарласа, мемле-

кет оны құтқармайды, банкрот қылады. Екінші жағынан, басқа ірі банк төлем қабілетсіз болып қалса, Үкімет оны құтқару шығынын ұсақ банктен де өндіріп алады. Өз кезегінде, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «ҚР банктер және банк қызметі туралы» және «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары аясында төлем қабілеті төмен банктерді реттеу үшін жаңа тетікті енгізу жоспарланып отырғанын мәлімдеді. Қаржылық реттеушінің түсіндіруінше, әрбір ЕДБ қожайыны енді өз банкінің жағдайы нашарласа, не істейтінін тәптіштеп жазып, мемлекетке арнайы жоспар ұсынуға тиіс.

Банктердің қаржылық жағдайының нашарлауын болдырмау үшін банктерді қалпына келтіру жоспарларын және реттеу жоспарларын әзірлеуді көздейтін жаңа талаптар енгізіледі. Мұндай жоспарларды әзірлеу және жыл сайын жаңарту банктердің міндеті болады, – деп мәлімдеді агенттік төрағасы Мәдина Әбілқасымова.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау үшін жүйелік маңызы бар банктің капиталына тікелей кіру – мемлекеттік қолдаудың жалғыз нысаны болады. Мемлекеттің қатысуы уақытша әрі өтеулі сипатта болады және ең аз, қажетті көлемде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда банкке банк акционерлері мен басшылығын ауыстыру, дивидендтер мен бонустар төлеуге тыйым салу, тәуекелді операцияларды шектеу және қаржылық қалпына келтіру жоспарын іске асыру сияқты талаптар қойылады, – деді агенттік төрайымы.

Қаржылық орнықтылығы қалпына келгеннен кейін банк жаңа инвесторға сатылады, ал, салынған мемлекеттік қаражат бюджетке қайтарылады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

ЖАҢА БАСТАМАЛАР – ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТТЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Шымкент шаһары соңғы жылдары заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік мәдениетін орнықтыру және заманауи жаңа технологияларды құқықтық тәртіпте пайдалану бағытында алдыңғы қатардан көрініп келеді. Әсіресе, құқықтық сананы арттыру, цифрлық шешімдерді енгізу және қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жаңа қадамдар қарқынды түрде жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар «Қауіпсіз қоғам» және «Қауіпсіз ел» ұлттық жобаларының негізгі мақсаттарымен сабақтасып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпалын тигізіп отыр.

«Jerleu» жобасы – цифрлық шежіренің бастауы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауларында басты басымдық берілген цифрландыру және жасанды интеллектке назар аудару жөніндегі жобалар Шымқалада аса үлкен қарқын алған. Цифрлық жаңа технологиялардың көмегімен жүзеге асырыла бастаған жобалардың арасында тіпті адамның ойына кіріп те шықпайтын салаларда да кенінен қолданыла бастапты. Мәселен, Шымкент қаласындағы «Зейін» бизнес орталығында цифрландырудың жарқын көріністерінің бірі – «Jerleu» жобасы таныстырылды.

Бұл жоба – елімізде тұңғыш рет бейіттерді толықтай цифрландыруды көздейтін ерекше бастама болып шықты. Оған сәйкес ендігі кезекте әрбір азамат онлайн-платформа арқылы өз ата-бабасының жерленген орнын, өмір сүрген жылдарын, құлпытас фотосын және қабірдің картадағы нақты орнын анықтай алады.

Жоба жетекшісі «KazAeroSpace» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Айбол Нысановтың айтуынша, бұл бастама қоғамда әділдікті күшейтудің бірден-бір тетігі болмақ. Өйткені, кейбір елді мекендерде мемлекеттен тегін берілуі тиіс 6 шаршы метр жерді заңсыз түрде сату фактілері тіркелген. Ал енді «Jerleu» жүйесі арқылы мұндай олқылықтардың жолы кесілмек.

Толықтай цифрландырылған жаңа технологиялармен жабдықталған жоба бойынша жақынын жерлейтін адам жерлеуге онлайн түрде өтінім беріп, рәсім уақыты мен күнін белгілей алады. Сонымен қатар, қабір қазу, құлпытас орнату, көлік қызметіне тапсырыс жасау сияқты сервистік қызметтер де қолжетімді. Мұнымен қоса аталған жобада қабірді тазалау, көгалдандыру, бояу жұмыстарын онлайн тапсырыс беріп, фотоесеп алу мүмкіндігі де қарастырылыпты.

Жобаны жүзеге асырушылар сондай-ақ қайтыс болған адамның жақындары үшін аса қымбат естеліктерді сақтау-

дың тағы бір жаңа тәсілі – «цифрлық мемориалдық парақшаны» ойлап тапқан. Онда марқұмның өмірбаяны мен фотосуреттері жинақталып, келер ұрпаққа аманат ретінде сақталады. Бұл – ұлттық шежіре мен тарихи жадыны сақтаудағы үлкен қадам болмақ.

Көші-қон заңнамасын түсіндіру – құқықтық сананы арттырудың негізі

Құқықтық тәртіптің маңызды салаларының бірі – көші-қон үдерістерін реттеу екені рас. Осыған орай Шымкент қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде шетелдік студенттермен кездесу ұйымдастырылды. Жиында көші-қон қызметі басқармасының өкілдері Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасының негізгі талаптарын жан-жақты түсіндірді. Шымкент қалалық полициясының мәліметінше бұл шетелдік студенттердің еліміздегі қауіпсіздігі мен заң



қағидаларын сақтауына сонымен қатар құқықтық мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

Жиын барысында студенттерге уақытша тіркеу рәсімдері, визаны ұзарту тәртібі, құқықтары мен міндеттері туралы нақты мәлімет берілді. Сонымен қатар интернет-алаяқтық, әлеуметтік желілер арқылы есірткі таратудың қауіптілігі сияқты өзекті мәселелер де талқыланып, жастарға құқықтық жауапкершілік пен сақтық шаралары түсіндірілді. Бұл шаралар шетелдік студенттердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, елімізде заңды әрі қауіпсіз өмір сүруіне жол ашады, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Қоғамдық қауіпсіздік саласындағы тағы бір маңызды қадам – киберқылмысқа қарсы іс-шаралар екені даусыз. Өйткені, заманауи технологиялармен қатар ғаламтор арқылы жасалатын қылмыстардың саны да көбейе түсті. Сондықтан шымкенттік тәртіп сақшылары киберқылмыстардың алдын алу және жою бағытындағы шараларға басымдық берген. Жақында Шымкент қаласы Полиция департаменті интернет-алаяқтықпен айналысқан кезекті

Цифрландыру және құқықтық мәдениетті арттыру

Жалпы алғанда, Шымкент қаласында жүргізіліп жатқан шаралардың барлығы қоғамда заң мен тәртіпті сақтауды, азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеруді көздейтіні анық. Әсіресе, заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқық бұзушылыққа нөлдік төзімділік саясатын орнықтыру, алкоголь мен темекіге тәуелділікке қарсы қоғамдық сананы дамыту, цифрландыру мен инновацияларды құқық қорғау саласына енгізу сияқты бағыттарда жүргізіліп жатқан жұмыстардың өз кезегінде нақты нәтижелерге қол жеткізіп жатқанын атап өткен жөн.

P.S. Шымкент қаласындағы атқарылып жатқан аталған бастамалар – еліміздің жалпы құқықтық саясатының жарқын көрінісі. «Jerleu» жобасы тарихи жадыны сақтап, әділдікті күшейтсе, көші-қон заңнамасын түсіндіру – заңға бағынатын мәдениетті қалыптастыруға жол ашпақ. Ал киберқылмысқа қарсы табанды күрес – жаңа заманның сын-қатеріне берілген батыл жауап болары сөзсіз. Яғни, заң үстемдігі, әділеттілік пен цифрландыруды тоғыстыра отырып, біз қауіпсіз қоғам құруға қадам басамыз. Бұл – Президент жолдауында айқындалған стратегиялық міндеттердің шынайы жүзеге асуының айқын дәлелі.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кұжатқа салғырт қарауға болмайды
«Самұрық-Қазына» компаниялар тобы атынан «Samruk-KazynaTrust» корпоративтік қорының бастауымен, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мен Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен биыл



ҚЫЗЫЛ ПАСПОРТПЕН ЖҮРГЕНДЕРДІҢ НЕ ОЙЛАҒАНЫ БАР?

13-рет жолға шыққан «Саламатты Қазақстан» пойызы осылайша елде елеусіз жүрген бір отандасымыздың ресми түрде Қазақстан азаматы атануына мүмкіндік жасады. Алайда көмек сұраған әйелдің жай-күйін құзырлы органдарға жеткізіп, мәселенің шешілуіне өз ықпалын тигізе алмаған медициналық мекеме қызметкерлерінің әрекеті көңілге кірбің ұялатып отыр.

Азаматтық мәселелерін реттейтін «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заң тәуелсіздік жарияланғаннан кейін санаулы күннен соң, дәлірек айтқанда 1991 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған болатын. Оның 3-бабында: заң күшіне енгізілген күнге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын; Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын; заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады. Сол себепті «КСРО паспортымен» жүргендерді ауылдастарын былай қойғанда, айналасындағы жақын дос-жаран, туыс-туғандарының білмеуі мүмкін емес. Тіпті олардың бала-шағасы білім алатын мектеп ұжымы, түрлі сайлау науқаны кезінде құрылатын аумақтық комиссия мүшелері мен жергілікті әкімдер мен учаскелік полицияның назарынан қалай тыс қалып қойғаны көңілге түрлі ой салады.

Өкінішке қарай мұндай жағдай республиканың барлық өңірінде орын алып отыр. Мәселен биыл көктемде Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылар-

дың құқықтарын қорғау комитеті 24 жылдан бері КСРО құжатымен жүрген Жетісу өңірі тұрғынының Қазақстан азаматы деген құжатты алғаш рет қолына ұстағанын жариялады. Ондағы мәлімет бойынша, 2024 жылдың соңында Жетісу облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы Газиз Аманжолұлынан Талдықорған қаласының №91 емханасының учаскелік мейірбикесі Галина Кравченко көмек сұраған. Ол өзінің кезекті учаскелік тексерісі кезінде үш баласы бар, бірақ ешқандай құжатты жоқ ағаны кездестіргенін айтты. 2001 жылы туған Самал есімді бұл келіншек ресми құжатсыз жүргендіктен балаларына берілетін жәрдемақыларды да рәсімдей алмаған. Оның анасы да 2020 жылы қайтыс болғанша КСРО паспортымен жүрген. Мұны естіген Газиз Аманжолұлы «Жанұя» атты жергілікті отбасын қолдау орталығының директоры Жанар Нұрмұхановамен видеоконференция ұйымдастырып, миграциялық полицияның облыстық басшылығына хабарласып, Самалға жеке куәлікті рәсімдеуге жәрдемдесуін өтінген.

«Қызыл паспортпен» жүргендердің статистикасын ешкім жүргізбейді

БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссары басқармасының бастамасымен құқықтық мәртебесі жоқ, жеке басын куәландыратын құжатсыз жүрген адамдарды анықтау және оларға көмек көрсету бойынша акциясы Қазақстанда да дәстүрлі түрде жыл сайын өтіп келе жатыр.

Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитеті мен оның аумақтық бөлімдері және түрлі үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп ұйымдастырған іс-шаралардың есебін де жариялап отырады. Мысалы, БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары басқармасының құқықтық мәселелер жөніндегі қызметкері Шолпан Олжабаева 2014–2020 жылдардағы тексеру жұмыстары барысында Қазақстанда азаматтығы белгісіз 6 мыңға жуық адам анықталғанын айтқан. Олардың 60 пайызы біздің өз азаматтарымыз болса, 10 пайызы азаматтығы анықталмағандар, 30 пайызы өзге елдердің азаматы ретінде тіркелген.

Ал Көші-қон комитеті мамандары 2020–2022 жылдар аралығында құжаты жоқ 8 мыңдай адамды анықтап, оның 6 мыңына Қазақстан азаматы ретінде құжат берілген. Ал азаматтығы жоқ адам ретінде тіркелген 2300-ден астам ел тұрғыны осы құжат бойынша 5 жылға дейін емін-еркін жүріп-тұру мүмкіндігіне ие болғанын жариялады. Сондай-ақ 2021 жылы ғана республикада 1 800-ге жуық азамат 1974 жылғы Кеңес Одағының қызыл паспорттымен жүргені айтылды. Одан кейін цифрлар біршама азайғанымен, мәселе әлі де толық шешімін таппай келеді. Атап айтқанда, былтыр 4 айда құжаттары жоқ 404 адамның анықталғаны жарияланды. Оның 200-і Қазақстан Республикасының азаматтары, ал 14-і азаматтығы жоқ адамдар болып танылған, ал қалғандарының құқықтық мәртебесі қосымша тексеруді қажет еткен. Сол себепті «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңға жаңа өзгеріс енгізіп, «Қызыл паспортпен» қоштасқысы келмей жүргендерге қатысты жауапкершілік күшейтілмейтін болса, бұл қарқынмен 2050 жылы да «Қызыл паспорт» туралы ести беретініміз анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАҒЫЛЫМ

ЖАЙЛЫ ОТБАСЫНДА ӨСКЕН БАЛАДА УАЙЫМ ЖОҚ

Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Сондықтан баланың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру маңызды. Баланың күн тәртібіне, жеке басына қойылған талаптар мен міндеттерге аса назар аудару қажет, үй еңбегіне араласуына, алып жатқан біліміне, қызығушылықтарына, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесу әр ата-ананың парызы.

Бала мектепте 5 немесе 6 сағат болса, қалған уақытта үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, киетін киімін қадағалап, одан басқа баланың оқитын мектептегі мұғалімдерімен байланыста болып, сабақ үлгерімі мен тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет.

Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі тірегі. Сондықтан да, бала тәрбиесіне ата-аналар асқан жауапкершілікпен қарау керек. Бала үшін үй ішінен, ата-анадан артық тәрбиеші жоқ. Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Тату отбасы балаға үлгі. Өкінішке қарай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарының жетекшісін де білмей жататын әкелер бар.

Ақтөбе облысының көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қаралатын істердің 50 пайызы неке бұзу туралы азаматтық істер. Бұндай істерді қарағанда сот отырысына дайындықта да, сот отырысында да тараптарды татуластыру рәсімін жүргізіп, бірінші балалардың жағдайын, келешегін ойлануға уақыт беріп, бірден ажырасуға жол бермей, сотта психолог пен медиаторларды кірістіріп, екі тарапты татуластыру бойынша көп жұмыс атқарылады.

Сот саласы әр ата-ана балаға тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты екенін, одан басқа, үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы екенін екі жаққа түсіндіріп, некені бұзу туралы дауды ойланып шешу бағытында көп жұмыс атқарады.

А.МУСИНА,
Ақтөбе облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

АУЫЛ ХАЛҚЫ ӨКІМІН ӨЗІ ТАҢДАЙДЫ

Жетісу облысы Кербұлақ ауданының Қаспан ауылдық округі әкімінің 12 қазанға тағайындалған сайлауына саяси партиялар үміткер ұсына алмады. Қаспан қазіргі таңда аудандағы халық өзі сайлайтын ең соңғы ауылдық округ болғалы тұр. Оған кандидаттарды ұсыну 4 қыркүйекте басталып, 16 қыркүйекте сағат 18.00-де аяқталды. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген 3 кандидат та өзін-өзі ұсынған. Олар: Сарыөзек ауылынан Айгүл Мустекбаева мен Төлеген Талғат және Қаспан ауылынан Жанар Умарова.

Айгүл Сатқыбайқызы – Кербұлақ ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі бастығының орынбасары. Төлеген Талғатұлы – Қоғалы ауылдық округі әкімінің орынбасары, ал Жанар Райханбекқызы – Қаспан ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болып қызмет жасайды. Бұл жолы елдегі саяси партиялардың бірде-бірі өз үміткерін ұсына алмады.

Ауданда бұған дейін 31 тамызда Шұбар ауылы әкімінің сайлауы өткен болатын. Онда кандидаттардың біреуін «AMANAT» партиясы ұсынса, екеуі өзін-өзі ұсыну тәртібімен тіркелген еді. Ауылдық округтегі сайлаушылар тізіміне енгізілген 972 азаматтың 83,1 пайызы дауыс берген бұл сайлауда жарамсыз бюллетеньдердің саны – 10, ал «бәріне қарсы» деген жазба белгіленгені екеу болды. Онда сайлауға қатысқан 808 сайлаушының 709-ның дауысын иеленген саяси партия үміт артқан ауыл тұрғыны Жантасов Нұрлан Нұртайұлы Шұбар ауылдық округі әкімі болып сайланды.

Былытр мұндай сайлау ауданда 11 ақпанда Басши мен Көксу, 9 маусымда Сарыбұлақ ауылдық округтерінде өткен болатын. Басшыда 3 үміткердің екеуі өзін-өзі ұсына, біреуі «AMANAT» партиясының атынан қатысты. Сайлау-

шылардың 71 пайызы қатысқан бұл сайлауда саяси партия ұсынған «Бауыржан» шаруа қожалығының басшысы Сарсенов Мұхит Несіпбайұлы жеңіске жетті. Көксуда өзін-өзі ұсынған Б.С.Абыкановқа – 263 (43,8%), А.Д.Асылхановқа – 246 (40,9%) сайлаушы дауыс берді. Соның нәтижесінде «Абыхан» шаруа қожалығының басшысы Абыканов Бахытжан Серікұлы Көксу ауылдық округі әкімі болып сайланды.

Ал Сарыбұлақ округі әкімінің сайлауында 3 кандидаттың біреуін «AMANAT» партиясы атынан, екеуі өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылды. Онда өзін-өзі ұсынған Кербұлақ ауданының Әскери жұмылдыру жөніндегі бас инспекторы Болатов Әділет Әлібекұлы Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Онда сайлаушылардың 43 пайызы қатысып, Әділет Әлібекұлына 164 адам дауыс берді.

Ал 2023 жылы мұнда Шанханай, Қаспан, Жоламан, Сарыөзек, Жайнақ батыр, Қоғалы, Қызылжар, Сарыбастау, Қарашоқы, 2022 жылы Алтынемел және Талдыбұлақ ауылдық округтерінің әкімдері сайланған. Яғни, Қаспан ауылдық округі әкімінің сайлауы сәтті өтетін болса, Кербұлақтағы бүкіл ауылдық округ әкімдерін халық өзі сайлады деп айтуға болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ШЕШІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫ – СОТ БАҚЫЛАУЫНДА

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында жер даулары мен сот орындаушыларының әрекетіне дау айту туралы талаптар көптеп түседі. Сотқа шағынатын азаматтар сот орындаушыларының аумақтық палатасына емес, бірден сотқа жүгінетіндіктен, сот орындаушыларының әрекетіне қатысты даулар көбейіп барады.

Сотқа тікелей жүгінудің алдын алу мақсатында, 2022 жылғы 22 ақпанда Қызылорда облысының мамандандырылған әкімшілік соты мен Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Аталған меморандумға сәйкес, сот ұйғарымымен әкімшілік талап қою өндіріске қабылданған соң, сот тараптардың арасындағы дауды сотқа дейін шешу мақсатында әкімшілік талап қоюды Қызылорда облысы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасында құрылған келісу комиссиясына жолдайды. Меморандумға сәйкес, кейбір даулар сотқа дейін шешіліп отыр.

Айта кету керек, соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді. Жауапкер әкімшілік іс бойынша соттың шешімін заңды күшіне енген күнінен бастап бір ай мерзімде орындауға міндетті, ол туралы сотқа хабарлауға тиіс. Егер соттың шешімінде белгіленген мерзімде ол ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бірінші сатыдағы сот осы кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы соттың ұйғарымын орындамау дауысз тәртіппен осы кодекстің 127-бабының тоғызыншы бөлігінде белгіленген мөлшерде қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келеді.

Сот осы кодексте белгіленген жағдайларда ақшалай өндіріп алуды қолданады. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 айлық есептік көрсеткіштен бастап 100 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде қолданылады. Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарады, оның көшірмесі ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға табыс етіледі. Ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы мәселені қарау өзіне қатысты мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарлана отырып, сот отырысында жүргізіледі. Ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және ол республикалық бюджеттің кірісіне өндіріп алынады. Ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінісхатпен сотқа жүгінуге құқылы.

Қорытындылай келе, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберінде жария-құқықтық дауларда азаматтар бұрынғыдай өз талабының дұрыстығын дәлелдемейді. Бұл жерде дәлелдеу ауыртпалығы жауапкерге жүктелген. Бұл өз кезегінде азаматтар үшін тиімді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, азаматтардың құқығын қорғаудың басты тетіктерінің бірі – сот бақылауы. Егер жеке сот орындаушысы заңсыз қаулы қабылдаса, ол міндетті түрде сот арқылы жойылады. Бұл – заң үстемдігі мен әділдіктің кепілі. Қарапайым тілмен айтқанда, сот шешімінің орындалуы – қоғамдағы тәртіп пен сенімнің негізі. Әркім өз құқығының қорғалуына сенімді болуы үшін мемлекет сот актілерін орындауға ерекше мән береді.

З.ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,
Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

«ЖИ-СУДЬЯНЫ»
КӨРЕР КҮН ЖАҚЫН

Ақпараттық технология жетістігі – жасанды интеллекті сот саласына да біртіндеп ене бастады. Әлемдік даму тенденциясындағы ақпараттық технологиялар жарысы ЖИ-дің төңірегінде сарапқа салынып, бәсеке де осы аймақта орын алып жатыр.

Жасанды интеллект көптеген адами факторларды азайтып, жұмыс өнімділігін еселеп, ашықтық пен қолжетімділік принциптерін алға оздырды. Жасанды интеллект сот өндірісіндегі атқарушылық іс бөлінісін реттеп, сот орындаушыларына қатысты мүлікке салынған тыйымды алып тастау немесе қою, борышкерлер тізімін жаңалау секілді істерді өз міндетіне ала бастады. ЖИ тиімділігі бүгінде барлық салаға серпіліс беріп жатыр. Сот жүйесі қазіргі таңда осы бағдарламаны одан әрі дамытып, жетілдіру реті кезек күттірмес мәселе екенін айта бастады.

Адам құқығына қатысты жоғары міндеттемелер жүктеген бұл салада қай кезде болса да, құқық үстемдігін қамтамасыз ету маңызды тетік. Ендеше оны нығайтудың жолдары бүгін жасанды интеллект кеңістігіне келіп тірелді. Бұл біздің өмір сүріп отырған қоғамдағы жаңашылдықтар. Жаңа технологияның жетістігі арқылы қарапайым көпшілік енді судьяның шешімімен келіспеген жағдайда арнайы бағдарламаның көмегімен жоғары сатыларға өтінім жаза алады. Қазір Конституция-

лық сотқа халық «е-өтініш» сайты арқылы жүгініп жүр. Жасанды интеллектті қолдану аясы кеңейген тұста өтінім жазу одан да ары жеңілдей береді. Бұл қарапайым халықтың уақыт үнемдеуге, тікелей қарым-қатынастың азаюына, тек қана электронды игіліктерді пайдаланып, әділ шешімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибе жасанды интеллектке негізделген технологиялар сот және құқық қорғау қызметінде кеңінен қолданысқа еніп жатқанын көрсетеді. Біздің сот жүйесі де әлемдік көшбасшылар – АҚШ, Канада, Ұлыбритания тәжірибесіне арқа сүйейді. ЖИ оларда жасалған қылмыстар туралы статистикалық деректерді талдау негізінде болжамды уақыт пен олардың жасалған орнын көрсете отырып, ықтимал қылмыс жасау аймақтарын, деректерді талдап, сондай-ақ сот шешімдерін болжайды.

Мәселен, АҚШ-та көптеген құқық қорғау мекемелері «PredPol» деректерді талдау жүйесін пайдаланады. Бұл жүйе құқық бұзушылықтар жасалу ықтималдығы жоғары аудандарды анықтап, жергілікті полиция

қызметкерлеріне ақпарат беріп, картадағы осы аймақтарды белгілейді.

Ал Ұлыбританияның «Smart-settle ONE» жасанды интеллект арқылы ұтымды келісімге қол жеткізуге болады деп есептейді. Мәселен, 2019 жылы азаматтық сот ісінде алғаш рет робот-бітімшінің көмегімен тараптар арасындағы дау шамамен бір сағат ішінде сотқа дейінгі тәртіпте реттеліпті. Бұл ЖИ-дің тиімділігін арттырады. Алдағы уақытта біздің елде де осы бағыттағы жұмыстар белсенді дамиды деп күтілуде.

Цифрлы Қазақстан идеясынан бастау алған бұл үрдіс алдағы уақытта да тоқтаусыз дами бермек. Сот жүйесі де заманауи жетістіктерден қалыс қалмайтыны анық. Ендеше жасанды интеллект туралы заңның тездетіп оңтайлы жазылып, заманауи талаптарға сай күнделікті қолданысқа енуіне белсенді атсалысқан абзал. Ол үшін құқықтық сауат пен бірге қазақстандық қоғамға ақпараттық технологиялардың соңғы жаңалықтарынан да толыққанды хабардар болып отырған дұрыс.

Айдарбек ТЛЕНОВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық сотының
судьясы

КИЕ

Елімізде мемлекеттік тіліміздің дамуы мен нығаюына бағытталған заңдар қабылданып, заң аясында мемлекеттік бағдарламалар дайындалып, сол бағдарламаларды жүзеге асыру үшін көптеген ауқымды іс-шаралар жасалып келеді.

ТІЛ БІЛЕТІН АЗАМАТТЫҢ
СОТҚА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ
ЖҮГІНУІ – ПАРЫЗ

Мемлекеттік тіл мәселесі сот жүйесінің де назарынан тыс қалып отырған жоқ. Сот істерін мемлекеттік тілде қарау мәселесі де ерекше назарға алынып отыр. Республика соттары мемлекеттік тілге қатысты қызметін ҚР Конституциясын және «ҚР Тіл туралы» заңын басшылыққа алып жүргізуде. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылатынын әрқашан есте ұстау қажет.

Осындай маңызды бағыттағы жұмысты іске асыру және халық арасында қазіргі таңда қызу талқыға түсіп отырған латын әліпбиіне көшу мәселесін ортаға салу мақсатында жиындар дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Біздің елімізде қыркүйек айының үшінші жексенбісінде Қазақстан халықтары тілдері күні мерекесі атап өтілуде.

Мемлекеттік тілдің кез келген мемлекеттің тиімді іс-қимыл жасауының маңызды шарты болып табылатыны сөзсіз. Мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстанның әрбір азаматының азаматтық борышы ғана емес, ол Қазақстан халқының бірігуінің маңызды факторларының бірі.

Сот төрелігін жүзеге асыру саласында мемлекеттік тілді қолдану маңызды. Заң терминологиясының



Қанат РАХЫМБАЙ,
Қостанай облысы
мамандандырылған
ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ерекшелігіне қарамастан, сот шешімі азаматтарға қолжетімді және түсінікті тілде баяндалуы қажет. Сот шешімінің тілдік қасиеттері – судья кәсібилігінің маңызды көрсеткіші.

Заң бойынша, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер сотқа қай тілде түссе, сол тілде қаралады. Алайда, сотта мемлекеттік тілде қаралатын істер саны тым аз, сондықтан да, қазақ тілін меңгерген азаматтар сотқа мемлекеттік тілде жүгінуге құқығы бар екендігін еске саламын.

ҚАУІПСІЗ ЕЛ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП –
ЕРТЕҢГІ ТЕМІРҚАЗЫҚ

Шымкент қаласында азаматтық қоғам мен құқық қорғау органдарының өзара тиімді әрекеттестігі аясында құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті нығайту, экологиялық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралар кең ауқымда жүргізіліп жатыр. Осы жұмыстардың өзегінде – Заң мен Тәртіп қағидатын күнделікті өмір салтына айналдыру идеясы жатқанын атап өткен жөн.

КӨРІНБЕЙТІН
ҚАУІПТЕРГЕ ҚАРСЫ
КӨРЕГЕН КҮРЕС

Қоғам өміріне етене енген заманауи қауіптер тек көше бұзақыларымен ғана шектеле бермейтіні рас. Бүгінде



«УЧАСКЕ»
ІС-ШАРАСЫНЫҢ
ЖАҢА КЕЛБЕТІ

Шымкент қаласында жыл сайын дәстүрлі түрде жүзеге асырылып келе жатқан «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы – құқық қорғау саласындағы алдын алу жұмыстарының сәтті үлгілерінің бірі. Аталған бастама тек құқық бұзушылықпен күреске бағытталған науқан емес, қоғам мен полиция арасындағы сенім көпірін нығайтудың тиімді құралы екені рас.

Бұл орайда құқық қорғау органдарында да заманауи коммуникация құралдарын ұтымды қолдануға баса назар аударылып келеді. Қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған бұл шараның да негізгі жаңалығы заманауи байланыс құралдарының көбірек пайдаланылуында болса керек. Шымкенттік учаскелік инспекторлар мес-

сенджерлерде ортақ чаттар құрып, тұрғындармен жедел әрі тікелей байланыс орнату-ды қолға алып отыр. Мәселен шаһардың көпқабатты үй тұрғындарының бірі тұрмыстық контейнерге құрылыс қалдықтарының заңсыз төгілгені туралы чат арқылы хабарлама қалдырып, учаскелік полицейдің жылдам әрекеті нәтижесінде құқық бұзушы анықталып, әкімшілік жауапқа тартылды. Тұрғындар бұл жеделдікке ризашылықтарын білдіріп, құқық қорғау органдарына деген сенімі артты.

«Учаске» акциясы шеңберінде полиция қызметкерлері тек заң бұзушыларды анықтап қоймай, қарапайым азаматтармен де жүйелі диалог құрып, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыруға күш салып келеді, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

тұтас елді аса ірі қатермен бетпе-бет келтіріп отырған үлкен сын – экологиялық жауапсыздық пен психоактивті заттардың жасырын жарнамасы болып отыр. Осы бағытта Шымкент қаласы Полиция департаменті мен біркатар қоғамдық ұйымдар тығыз байланыста жұмыс істеуде.

Мәселен, Еңбекші аудандық Полиция басқармасының табиғатты қорғау тобының инспекторлары аудан аумағында кешенді түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қолға алған. Қоғамдық орындар мен білім беру мекемелерінде арнайы ұйымдастырылып жатқан кездесулерде қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығы туралы кеңінен әңгіме қозғалып, тұрғындар мен оқушыларға арнайы жаңа аймақтар таратылды. Ұйымдастырушылар табиғатты аялау – әрбір азаматтың саналы таңдауына айналуы қажет екенін ерекше атап өтті. Экологиялық мәдениет – отан-



сүйгіштіктің бір көрінісі, ал табиғатқа жанашырлық – ұлт болашағына деген қамқорлық.

Сонымен қатар, қала көшелерінде құпия граффити арқылы есірткі сайттарын жарнамалау фактілері белгі алып отыр. Бұл қауіптің беймәлім сипаты жасөспірімдерге ерекше әсер етеді. Алайда бұл бағытта да нақты әрі нық қадамдар жасалып келеді. Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен «Esbol Qory» қоғамдық бірлестігі бірлесе ұйымдастырған рейд барысында ондаған есірткі жарнамасы болып, жойылды. Бұл әрекеттер тек маңдайшаларды бояумен шектелмей, терең түсіндіру жұмыстарымен қатар жүріп жатыр. Жасөспірімдерді теріс жолдан сақтау үшін алдағы уақытта жаңа профилактикалық құралдар мен креативті тәсілдер енгізілмек.

Экология мен есірткіге қарсы күрес – қоғамның ең әлсіз тұстарына бағытталған стратегиялық жұмыс. Бұл саладағы тәртіп жұмыстарының жұмысы – көрінбейтін қауіппен көреген күрестің үлгісі.

ЗАҢМЕН
ӨРІЛГЕН БОЛАШАҚ

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ұйымдастырылған «Заңды білу – заман талады» атты дөңгелек үстелде жастарға интернет алаяқтық, лудомания, киберқылмыс, де-структивті діни ағымдардың зардаптары жөнінде жан-жақты ақпарат ұсынылды.

Шара барысында полиция, прокуратура, дінтанушылар мен ұлттық қауіпсіздік қызметі ардагерлері қатысқан басқосуда жастармен еркін диалог құрылып, нақты мысалдар арқылы құқықтық сауаттылықтың маңыздылығы түсіндірілді.

– Цифрлық технологиялардың дамуы құқық қорғау саласына да жаңа сын-қатерлер алып келуде. Жастардың интернеттегі белсенділігі артқан сайын, олар түрлі алаяқтық схемалар мен теріс бағыттағы ықпалдарға жиі ұшырайды. Сондықтан құқықтық сауаттылықты арттыру – олардың өздерін ғана емес, болашақтарын қорғаудың тікелей жолы. Мұндай кездесулер — жастармен ашық диалог құрып, олардың сұрақтарына нақты жауап беруге мүмкіндік беретін маңызды алаң. Әрбір жас киберкеңістікте де жауапты азамат ретінде әрекет етуді үйренуі тиіс, – дейді Полиция департаментінің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Қабыл Сұлтан Абзалұлы.

Ал Шымкент қаласы әкімдігінің Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған «Тәрбиелі ұрпақ – ел тірегі» атты кездесу – тәрбиенің, моральдық құндылықтар мен азаматтық жауапкершіліктің мәнін ашуға арналған маңызды алаң болды. Мамандар құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлін, буллингке қарсы ұстанымды, жастардың құқықтық санасына әсер ететін фактор-

ларды ашық талқылады. Бұл кездесулерде айтылған басты ой – «нағыз патриот болу – ұрандату емес, заңға бағыну». Әрбір жас өз ісіне жауапты, саналы азамат ретінде қалыптасқанда ғана қоғам мызғымайтын тірекке ие болмақ. Құқық бұзушылықтардың басым бөлігі бос уақыттың мәнсіз өткізетін жастардан шығатыны айтылып, жастарды қоғамдық пайдалы іске, білім мен еңбекке жұмылдырудың маңызы ерекше атап өтілді.

Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан барлық кешенді іс-шаралардың өзегі – азаматтардың қауіпсіздігі, құқықтық сананың деңгейін көтеру және құқық қорғау органдарына деген қоғамдық сенімді арттыруға бағытталып отыр. Заң мен Тәртіп – тек полицияның ұраны емес, бұл – әрбір азаматтың өмірлік ұстанымына айналуға тиіс қоғамдық нормалар жүйесі екені даусыз. Цифрландыру, жасанды интеллект, жаңа технологиялар дәуірінде құқықтық тәртіп те жаңа форматта құрылып келеді. Бұл – тек заңның жазбасына емес, оның орындалуына және халықтың оған деген сеніміне негізделген болмысты қажет етеді. Қоғам мен мемлекет арасындағы берік байланыс заңның үстемдігін қамтамасыз етпейінше, ешбір дамудың баянды болмайтыны анық. Сондықтан, Заң мен Тәртіп – бүгінгі ғана емес, ертеңнің де темірқазығы.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

*жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921*

✉ zanreklama@mail.ru



ӘРТУРА

2. «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік Қоғамы Нұр-Сұлтан қаласының атауы Астана қаласына өзгергенін хабарлайды.

Осыған байланысты және 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №65 Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Астана қаласы (бұрынғы – Нұр-Сұлтан қаласы) бойынша «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ филиалы келесі мөр мен штамптарды пайдалануды тоқтатты:

Мөр:
Қазақстан Республикасы «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы Republic of Kazakhstan Joint Stock Company «Insurance Company Centras Insurance» Branch in the city of Nur-Sultan

Штамп: Бос жолы бар датер Төленді _____ «Сентрас Иншуранс» АҚ филиалы, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша

Штамп: Бос жолы бар датер Өтелді _____ «Сентрас Иншуранс» АҚ филиалы, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша

Штамп: Кіріс № _____ « _____ » ____ 20__ ж. Парақ саны ____ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиал «Сентрас Иншуранс» АҚ

2022 жылдан бастап Астана қаласындағы «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» АҚ филиалы қаланың қолданыстағы атауына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жаңа мөрлер мен штамптарды пайдалануда. Компаниямен өзара әрекеттесу кезінде осы өзгерісті ескерулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен, «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік Қоғамы

9. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды.

Анықтамаға арналған телефоны: +7 702 321 86 86.
Лиц. 01.21.0009Л.

11. «ГЦИ» ЖШС (БСН 010440001405) «Алматыгипрогор» ЖШС (БСН 030140004000) қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Абылай хан көшесі 60, н.п.№91, 306 кеңсе.

23. Астана қаласы МАЭС-інің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі анықтамасы негізінде «Сервис-Групп 2013» ЖШС-не (БСН 140540006542) қатысты оңалту рәсімін қолдану бойынша іс жүргізу қозғалды. Талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7Б-үй, 96-пәтер, тел.: +7 707 220 00 47, (Астана қ. МАЭС судьясы А.К. Құсманованың хатшысының нөмірі – +7 778 010 57 90).



ТАРАТУ

4.«Жаңақорған кенті әкімі аппаратының «Жаңақорған қызмет» комуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 180140002926) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: индекс 120300, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі, №935, тел. 8 701 490 7697.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшин, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

18. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2025 жылғы 1 қазандағы №101-НҚ және №102-НҚ бұйрықтарына сәйкес және ҚР Премьер-министрі О. А. Бектенов пен ҚР Премьер-министрдің орынбасары С. М. Жұмангариннің тапсырмаларын орындау барысында, Тұтынушыларды, суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін сумен жабдықтау қызметтерінің, 2025 жылғы 1 қазаннан бастап 31 желтоқсанға дейін су бұру қызметтерінің тарифтері, төлемақылар мөлшерінің енгізілгені туралы хабардар етеді.

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер

Тұтынушылар топтарының атауы	сумен жабдықтау қызметтеріне		су бұру қызметтеріне	
	2025 жылғы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін	2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін	2025 жылғы 1 қазаннан 31 желтоқсанға дейін	2025 жылғы 1 желтоқсанға дейін
	ҚҚС-сыз, теңге/ м3	12% ҚҚС-мен, тг / м3	ҚҚС-сыз, теңге/ м3	12% ҚҚС-мен, тг / м3
1 топ – жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына су тұтыну көлемдері және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін ұсыну кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) үстемелеп толтыру көлемдерінің шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық шарттар көлемдерінің шегінде жылу энергиясын берумен және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;	66,00	73,92	40,95	45,86
2 топ – өзге де тұтынушылар – бірінші және үшінші топқа кірмейтін заңды тұлғалар;	350,00	392,00	170,00	190,40
3 топ – бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар.	393,30	440,50	145,50	162,96

8. Ғылыми өндірістік орталық «ГидроПрогресс» ЖШС (БСН 040440003104) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, С.Сейфуллин көшесі, 35-үй, 116-пәтер, тел. +7 701 571 29 61.

10. «WELKIN KAZAKHSTAN» ЖШС (БСН 231040033510) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Сейфуллин даңғылы, 100-үй н.п. 45, тел. +7 747 813 5794.

12. «Alex Baitler KZ (Алекс Байтлер КЗ» ЖШС (БСН 240740017365) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Мыңбаева көшесі, 53.

13. «Profit Plus Company» ЖШС (БСН 160740000521) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 19-үй, 22-пәтер.

14. «Бетон Кокшетау» ЖШС (БСН 200840018121) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бәйкен Әшімов көшесі, 236-ғимарат.

15. «Бетон Север» ЖШС (БСН 200840028298) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Бәйкен Әшімов көшесі, бокс 236.

19. «QAZAQ WIFIX» ЖШС (БСН 181240023549) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, 8-шағынаудан, 83-үй, 79-кабинет. Тел.: +7 702 488 86 62.

20. «Терра Компани» ЖШС (БСН 010940000438) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 62-үй, 050004, тел.: +7 701 111 2114.

21. «TEF group» ЖШС (БСН 171140032255) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Ғабиден Мустафин көшесі, 15-үй, 264-кеңсе, тел.: +7 778 497 6171.

22. «ДКК-2020» ЖШС (БСН 121140002809) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Комсомольский тұрғын үй алабы, Қарашаш ана көшесі, 16/1 үй, т.е.б. 1, тел. 87711807431.



МҰРАГЕРЛІК

5. 2025 жылы 29 наурызда қайтыс болған Сартаева Болсынай Мысырхановнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне суды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушыларға арналған төлемақы мөлшерлері			
р/н№	Атаулары	айына 1 адамға, теңге	
		ҚҚС-сыз	12% ҚҚС-мен
Сумен жабдықтау қызметтеріне		2025 жылғы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін	
1	Көше колонкаларынан суды талдау	49,50	55,44
2	Тұрмыстық қажеттіліктер мен санитарлық-гигиеналық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін су тұтыну	990,00	1 108,80
3	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көппәтерлі тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	354,42	396,95
4	Суды тұрмыстық емес пайдалану (жасыл желектерді, көгалдарды, гүлзарларды, бақшаны, тротуар ағаштарын, төсеніштерді және т.б. суару) / теңге айына суару алаңының 1 сотығына *	660,00	739,20
Ескерту: *6 ай суару кезеңінде 1 сотығын суару алаңының айына м3 көлемі (суару кезеңі 15 сәуірден 15 қазанға дейін). Бұл ретте жасыл желектерді суару уақыты сағат 23.00-ден 05.00-ге дейін рұқсат етіледі.			
Су бұру қызметтеріне		с 1 октябры по 31 декабря 2025 года	
1	Суық суды бұру	614,25	687,96
2	Апатты үй-жайлары бар, ескірген деп танылған көппәтерлі тұрғын үйлер, суды есепке алу аспаптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі жоқ жалпыға ортақ пайдаланылатын орындары бар жатақханалар	219,90	246,29
3	Ыстық суды бұру	128,99	144,47
Жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай тұтынушылардың кіші топтары бойынша сараланған тұтынушылардың 1 тобын сумен жабдықтау қызметтеріне арналған тарифтер 2025 жылғы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін тоқтатылды.			
Толық ақпараттар Кәсіпорынның www.almatysu.kz ресми сайтында орналас-тырылған			

17. АИТВ инфекциясын қоғам қабылдайды ма? Психологтардың мәліметінше, қоғамда иммун тапшылығы вирусын жұқтырған адамдарға қатысты дискриминация мен фобия бар. Тиісті сауаты болмаған адам мұндай АИТВ жұқтырғандар туралы естісе, олардан қашақтап жүреді. Тіпті мектеп директорына өтініш жазып, баласын науқастармен араластырмауды сұрайтын ата-ана да болады. Қоғамдағы бұндай көзқарастан қашқақтаған АИТВ жұқтырған адамдар, үнемі қоғамнан қорқып, «айналамдағылар біліп қоймаса екен» деген үреймен, күйзеліспен өмір сүреді. АИТВ жұқтырғандар жиі қолайсыз жағдайларға тап болып стигма және дискриминацияға ұшырауда. Алғашқыда қоғамда АИТВ індеті басталған кезде пайда болған пікір: «ВИЧ/АИТВ тек маргиналды топтарға жатады – нашақорлар, үй-күйсіздер, жезөкшелер ауырады. Мен ондай емеспін, жыныстық өмірім реттелген, демек ВИЧ маған қатысы жоқ». Шын мәнінде, АИТВ-ның ең жиі таралатын жолы – қорғаныссыз жыныстық қатынас. АИТВ адамның мінез-қылығына байланысты, адамның өз әрекеті мен өмір салтына байланысты жұғатын инфекция. Яғни, бұл инфекция күнделікті тұрмыста немесе ауа арқылы емес, арнайы жағдайларда, адамның белгілі бір әрекеттері арқылы жұғады.

Осыған орай бұл инфекцияны әлеуметтік жағдайы жақсы, қоғамда өз орнын тапқан адамдар да жұқтыруда. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 19-тарау 2-параграф 161-бапқа сәйкес АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдарды әлеуметтік және құқықтық қорғау бекітілген. АИТВ инфекциясын жұқтырған адамдардың құқықтары заңмен қорғалады. Мемлекет оларды емдеуге, әлеуметтік көмекке және құқықтық қорғауға міндетті. Олардың жеке деректері құпия болып сақталады. АИТВ жұқтырған адамдардың жұмысқа тұруы, оқуы және басқа да құқықтары шектелмеуі керек екені көрсетілген. Егер АИТВ жұқтырғандарға түсіністікпен қарап, оларға қолдау білдірсек, көмектессек, бірігіп стигма мен дискриминацияға қарсы күрес жүргізсек олардың өмірге деген көзқарасы өзгеріп, қоғамда фобиямен өмір сүрмес еді. Кейде АИТВ жұқтырғандарға тек қарапайым адами қарым-қатынас пен шынайы жанашырлық таныту жеткілікті. Науқастың әрекетін қатал сынға алмай, алғыс күтпестен қолдау көрсету маңызды. Пациентке деген қарым-қатынасыңыз арқылы сіз оның қоғамның толыққанды мүшесі, адамдық қадір-қасиеті бар тұлға екенін сезіндіруіңіз керек.

Алматы облыстық ЖИТС орталығының эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің меңгерушісі Дидар Ибраимов Махмутұлы.

6. 2025 жылдың 31 наурызында қайтыс болған Әбдісаттаров Ғабиден Өтегенұлына қатысты мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» СО мекенжайы бойынша орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Тел. 8 701 474 35 02.

7. 11.05.2025 ж. Кульбаев Бахит Есмағамбетовичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлері нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулерін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел. 8 705 270 00 01.

16. 29.05.2025 ж. Рустемов Манат Саттаровичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлері нотариус А.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулерін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36 үй, 35 пәтер. Тел. 8 705 270 00 01.

3. Астана қаласы соттарының ұжымы және Судьялар одағының Астана қаласы бойынша филиалы судья Сәуле Айтбайқызы Абдрахмановаға анасы

Мағрипа Аппасқызы Жакупованың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Көйкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

БАЙҚАУҒА

(Соңы. Басы өткен санда)

Қылмыс кезінде ешқайсысының бөлмелерінде болмағаны анық. Жауап алу Әлішерден басталды. Бұл жолы тергеуші сұрақты төтесінен қойды.

– Ойын кезінде сен қай жерге жасырындың?

– Мен бөлмеде болдым.
– Жоқ, өтірік айтасың.
– Бірақ мен..
– Мен барлығын білемін, жасырудың қажеті жоқ.

Әлішер тергеушінің алдында шара-сыз еді, ол сәл ойланып, болған оқиғаны баяндады.

– Алдымен өз бөлмеме кірдім, барлығы жасырынып болды деген уақытта, ақырын шығып Диляраның бөлмесіне бардым, – деп бастады Әлішер. – Анар оның бөлмесін іздей қоймас деген ойда болдым, алайда ол бөлмесінде болмады. Міне қызық, ол ойынға араласпай әлдеқашан ұйықтаймын деп кеткен еді. Мен «Диляра» деп әр бөлме есігіне бардым, бірақ ешкім тіл қатпады. Әрі қарай түпкі бөлмеден гүбірлеген дыбыс шықты, мен құлақ түрдім. Еркін әлдекіммен дауласып отыр, ер адамның дауысын анықтай алмадым. Диляраның ол жерде жоқ екенін біліп, тысқа шықтым. Есік алдына отырып шылым тартып, ұялы телефонымды қарадым. Ас үйден шығатын есіктен біреу жүгіре шығып, үйдің артқы жағына қарай кетті, оның соңынан тағы біреу шықты. Кім екенін анықтап көре алмадым. Жанымнан біреу құстай ұшып өтті, ол Медғат болатын, мені байқамады. Сәл уақыттан соң Анардың шыңғырған дауысы естілді. Мен ішке қарай жүгірдім. Жарық қосылмады, абыр-сабыр, әркім әр жерден жиналды. Әсет бірден автоматты қосуға кетті, жарық қосылған кезде біз жерде жатқан Еркіннің денесін көрдік. Не істерімізді білмедік, Еркеназ Медғатқа бірден сізге қоңырау соғуды ұсынды. Ол бастапқыда қарсы болды, бірақ көпшіліктің қалауымен солай жасады. Арғы жағын сіз білесіз, – деді Әлішер.

– Ас үйден шыққан адам қайта келді ме, ол кім болды?

– Ол туралы мүлдем есімнен шығып кетті, кім екенін анық көре алмадым, кім болса да аразымзда жүрген біреуі ғой деп ойладым.

– Ал Диляра, сен оны таптың ба?

– Жарық жағылған уақытта көпшіліктің арасынан көрдім.

– Еркін сол кезде кіммен сөйлесіп отырды, әңгімелерін тыңдадың ба?

– Екінші адамның дауысы анық естілмеді, ол жәй ғана күбірлей сөйледі, ажырата алмадым. Еркіннің иә, мен Сариевнің деген сөзін анық естідім.

– Жақсы, есіңе тағы бірдеңе түсіп жатса хабарлауды ұмытпа, – деді тергеуші.

* * *

Тергеу бөлмесіне кірген Диляраның түрі шаршаңқы көрінді. Әйтсе де ол өзін-өзі бақылауға алғандай. Оқиға болған жердегі Қайсенов пен тергеу жүргізу бөлмесіндегі Қайсенов екі түрлі адам секілді. Біріншісі Медғаттың әкесі, қамқор тергеуші болса, қазір алдында тәжірибелі әрі қатал тергеуші. Абылай Диляраның көздеріне тура қарады.

– Сариевті өлтірген сен бе?

– Жоқ.

– Қылмыс болған кезде қайда болдың?

– Бөлмеде.

– Сен бөлмеңде болған жоқсың, оны екі адам нақты айта алады. Қайда болдың?

– Мен.. мен.. – қыз тергеушіге жыламсырай қарады.

– Сариевті өлтірген сен бе? – деді Абылай сұрақты қайталап.

– Жоқ, мен оны өлтірген жоқпын... Мен оны жақсы көрдім, ал ол болса менің сезіміме түкірді, барлығына күлкі етті. Мен расымен олармен бірге отыруға зауқым соқпады, бастапқыда бөлмеме кеттім. Олардың күлкісі менің жүйкеме тиді. Ол менің сезімімді аяққа таптап, Еркеназға көңіл білдірді.

Мен бұл қорлыққа төзе алмасыпн, ол қыздың сазайын беру керек деген ой келді. Ойын басталып, жарық өшкен кезде мен Еркеназдың бөлмесіне бардым. Бірақ ол бөлмесіне келмеді. Оны қорқытып, жүрегін ұшырғым келді, оған қастандық жасағым келді, бірақ ол кел-

мей қойды. Мен оны Еркіннің жанынан табатынымды білдім, сол себепті Еркіннің бөлмесіне де бардым. Алайда ол жерде де ешкім болмады. Дәлізде Әлішердің дауысы естілді, ол мені іздеп жүр екен. Кенет ас үй жақтан бір дыбыс шықты, мен құлақ түрдім. Еркін мен Медғаттың дауысы. Олар әлденеге дауласып жатты. Еркеназдың бұған дейін Медғаттың басын айналдырып жүргенін білетінмін, енді Еркінмен ашықтан-ашық кетті. Мен Медғатты жақсы түсінемін, мүмкін жігіт болсам мен де солай жасайтын шығармын. Даудың арғы жағы төбелеске ұласқандай, барлығы

Қыз алдында тұрған адамның қалжыңдап тұрмағанын түсінгендей. Бұған дейін ол досының әкесіне жауап берсе, ендігі алдында тұрған кәсіби тергеуші. Одан әлденені жасырып қалу мүмкін емес.

– Арыға кетпей не болғанын айтайын. Медғат екеуіміз көңіл жарастырғанымызға көп уақыт болды деп айта алмаймын. Әйтсе де сол аз уақыт арасында екеуміз керемет жұп болып, барлығы бізге қызыға қарайтын еді. Жарайды, айтайын дегенім дауыс емес. Еркінмен ол жақсы жолдас болатын, бірақ оның маған көз салып жүргенін

Түн сақтаған құпия



тым тез болды. Қатты заттың жылыту шөгеніне (батарея) тиген дыбысы естілді, кім кімді итергенін қайдам, Медғат бөлмеден құстай ұшып, сыртқа қашты. Мен оның соңынан ілестім. Далаға шыққан соң қараңғылықта оның қай бағытқа кеткенін аңғара алмай адасып тұрдым. Соңынан айғайладым да, бірақ ол көрінбеді. Сәл уақыттан соң үй ішінен Анардың шыңғырған дауысы естілді, мен үйге қарай жүгірдім. Ас үйде бір сұмдық жағдай болғанға ұқсайды, оның үстіне жарық та қосылмады. Барлығы сол жерге жиналды, кейін Медғат та келді, мен одан қайда болғанын сұрадым, бірақ ол менің сұрағымды жауапсыз қалдырды. Арғы жағы не болғанын өзіңіз де білесіз, – деді қыз дауысы дірілдей.

– Медғат далаға қай есік арқылы шықты?

– Кәдімгі дәліз арқылы шығатын. Оны неге сұрадыңыз?

– Ас үй арқылы шығатын тағы да есік бар ма?

– Иә, бар. Бірақ біз ол есікті мүлдем ашпадық.

– Сен тек Еркін мен Медғаттың ғана дауысын естідің бе, мүмкін ол жерде тағы адам болған шығар.

– Қараңғыда тығылып, үңсіз отырған адам болмаса, басқа адам көрмедім.

– Жақсы, боссың, – деді тергеуші ойлана.

– Сіз Еркінді өлтірген ұлыңыз деп ойлайсыз ба?

– Ақиқатқа жеткенше мен ештеңе де ойламаймын.

Бұл жолы Еркеназ тергеу бөлмесіне кіргісі келмеді. Әр нәрсені сылтауратып, жауап беруден қашқандай. Таңғы сағат 10-ға таяды, түннен бері ұйқы көрмеген, барлығының шаршағандары көрініп-ақ тұр. Абылайдың телефонына тағы да қоңырау келді, бұл жолы жары сезгендей қоймастан телефон соққан соң, көтеруге тура келді. «Барлығы дұрыс, Медғат жанымда, алаңдайтын ештеңе жоқ, үйге барған соң түсіндіремін» деп қысқаша жауап берді.

– Бір-біріміздің уақытымызды алмайық, сен де шаршадың, ата-анаң да алаңдаулы шығар. Маған тек шындық қажет, – деді Абылай.

– Мен онсыз да сізге барлығын айттым..

– Тергеу барысында айтылған әр өтірік сөз үшін жауапқа тартылатыныңды білесің бе, біледі деп ойлаймын. Сондықтан шындығыңды айтқаның жөн.

естігенде, қатты ашуланды. Тіпті екеуі төбелесіп те үлгерді. Бұл кеш екеуін достастыру мақсатында ұйымдастырылған. Бастапқыда барлығы жақсы болатын, көтеріңкі көңіл-күй, таза ауа. Бірақ араға ішімдік кірді, онан соң шөп шегілді. Еркін тым масайып қалды. Алдымен Диляраны ренжітті, көпшіліктің көзінше мені ұнататындығын, Медғаттың маған жұп емес екенін айтты. Ішкен адам не демейді, достарымыз бұл кикілжіңді басуға тырысқанымен, арты осындай жағдайға апарды. Жарық өшкен кезде мен Медғаттың қолынан ұстап, жібермеуге тырыстым. Алайда ол қатты ашулы еді, мені итеріп, бөлмеден лезде шығып кетті. Мен оның Еркінді іздеп кеткенін білдім. Соңынан ердім. Ол бірден ас үйге қарай бет алды. Жарық тек ас үйде ғана болатын, Еркін бір езі ішімдік ішіп отырған еді. Медғатпен арадағы әңгімеге боқтық сөздер араласа бастады. Кенет жарық өшіп қалды, екі жігіттің дауы төбелеске ұласып кете ме деп мен жігіттерді көмекке шақыруға кеттім. Алдымнан Әсет жолықты. Ол мені дәлізге тастап, өзі ас үйге беттеді. Сәл уақыттан соң Анардың дауысы барлығымыздың есімізді жиғызғандай болды, – деп қыз тергеушіге қарады.

Куәгерлердің барлығы Сариевті соңғы рет Медғатпен бірге көргендіктерін айтады. Бұл қылмыстың маңызды да шешуші бөлігі – Медғат. «Әх ұлым», – деді Абылай ішінен күбірлей. Медғат әкесіне жалтақтай қарады, өзін айыптайтын да, құтқаратын да – әкесі. Бірақ алдында тұрған әкесі емес, полковник Абылай Қайсенов, ең мықты тергеуші, талай қылмысты ашқан адам. Одан ештеңені жасыру мүмкін емес, сондықтан ол еш бүкпесіз сол түні болған жайды толықтай баяндаймын деп шешті.

– Әке, мен оны өлтірген жоқпын, қорыққаным рас, бірақ мен оны өлтірмедім, – деді Медғат дауысы дірілдей. – Еркімнен аразымзда кикілжің болғанын да жасырмаймын, ойын басталған соң, артық көздер жоқ, оңаша отырған жерінен мен онымен жігіттерге сөйлескім келді. Ол ішімдікке сылжия тойып алған, әйтсе де артық сөздері үшін менен кешірім сұрады. Мен оның қолынан ішімдікті алып, менімен бірге жүруін өтіндім. Ол келісті, орнымыздан тұра бергеніміз сол, қайдан шыққаны белгісіз, қара киген адам мені алып ұрды. Сағатым жылыту шөгеніне тиіп тарс етіп сынды. Мен есімді жиып, көзімді ашқан кезде Еркін жерге құлады. Мен не істерімді білмей абдырап қалдым,

тым қараңғы болатын, ол жерде жатыр. Әлгі қара киімді адамның ас үйден далаға шығатын есік арқылы шығып қаша жөнелгенін көрдім, соңынан жүгірдім, бірақ ол көзден ғайып болды. Мен сыртқы есікке қарай жүгірдім, әлгіні қолға түсіргім келді. Соңымнан біреу ілесіп шыққандай, атымды айтып айғайлады. Бұл Диляра болатын. Мен қара киген адамның қайда жоқ боп кеткенін біле алмадым. Үйден Анардың шыңғырған дауысы естілді, оның қандай жағдайға тап болғанын жақсы түсінемін. Әке, мен шынымды айтамын, барлығы менен күмәндануы мүмкін, бірақ мен оны өл-

тірген жоқпын, сенің ұлың қылмыскер емес, – деп Медғат көз жасына ерік берді.

Абылай ұлын құшақтап жұбатқысы келді, оған сенетінін, нағыз қылмыскерді қалайда ұстайтынын айтқысы келді, бірақ тергеу бөлмесінде ол әкелік сезімін көрсетпеді.

– Сен үйге кірген кезде барлығы сол жерде болды ма, қашқан адам үйге қайтып кіруі мүмкін бе?

– Білмедім, мен үйге кірген кезде барлығы сол жерде жиналған, оның үстіне жарықты да білетін адам әдейі өшіргендей.

– Яғни ол сол жерді жақсы білетін адам. Пышақта артық адамның саусақ ізі жоқ, жарық автоматында да ешқандай із жоқ, ол барлығын алдын ала ойластырған, – деді тергеуші ойланып.

– Әке, мен сотталамын ба?

– Барлық күдік саған әкеп тұр. Бірақ мен сенің кінәсіз екеніңді дәлелдеймін, нағыз қылмыскерді табамын.

– Әке..

Медғат әкесін құшақтағысы келді. Абылай ұлының арқасынан қағып, барлығы жақсы болады деп жұбатты.

Тұңғыш ұлы, қуанышы, мақтанышы. Бұл жағдайды анасы естісе көтере алмасы анық. Ол ұлына сенеді, бірақ барлық айғақ Медғатты көрсетіп тұр. Оның үстіне, сыңған сағатты өзінен жасырғанымен, заңнан қалай жасырмақ? Үшінші адамның болғанын ол қалайша дәлелдемек, оны қайдан табады?

Абылай ұзақ ойланды, әр куәгердің мінездемесін бірнеше рет ақтарды.

– Полковник мырза, күзетшіні жібере берсек бола ма? – деді кенет ойын бөлген Исмайлов.

– Қандай күзетші?

– Демалыс орнының күзетшісі, араққа лық тойып ұйықтап қалған деп сізге айтқан едім.

– Оның қанынан алкоголь анықталды ма?

– Оны тексермей-ақ түрінен-ақ көрініп тұрды. Үстінен арақ сасып, тілі күрмеліп.

– Дерету нарколог шақырыңдар, ал әлгіні осы жерге алып кел.

– Құп болады.

* * *

Ішімдіктен ауырып тұрған адамның кейпіндегі, қисаландай жүріп, ықылық атқан, жас шамасы елудегі ұзын бойлы, арықша келген ер адам кіргенде тергеуші оны қайдан көргенін есіне түсіре алмады.

Отаралин Қажымұрат Ізденұлы. 1971 жылы дүниеге келген. Жұбайы және екі баласы бар. Қызы Қажымұратқызы Сабина 18 жасында қылмыскердің қолынан көз жұмған. Абылайдың есіне енді түскендей. Осыдан бірнеше жыл бұрын айуандықпен өлтірілген 18 жасар қыздың денесі табылғаны есінде. Бұл сол қыздың әкесі. Өте күрделі әрі ауыр істі жүргізген Абылайдың әріптесі болса да, ол мән-жайдан хабардар еді. Қызды зорлап, қинап өлтіріп, денесін қала шетіндегі бөгетке тастаған қаладағы белгілі бизнесмен Ержан Сариевтің ұлы деген ақпарат тарады. Алайда атына кір келтірмеу мақсатында бизнесмен бұл істі жарыққа шығармауға тырысып, істі жауып тастаған еді. Сол кезде әділдік іздеген Отаралин бөлімнің табалдырығын тоздырған еді. Қолынан ештеңе келмесін білген соң мүлдем тынышталып қалған болатын.

Тергеуші оның әжім басқан жүзіне көз алмастан қарады. Жоқ, ол ешқандай да мас емес еді. Нарколог дәрігердің тексерісі оның қанында алкоголь барын жоққа шығарды.

– Қылмыс болған түні қайда болдыңыз? – деді тергеуші.

– Мен оның алдындағы тергеушіге де айтқанмын, мен ұйықтадым, өздеріңіз мені оятып алдыңыздар, оған әріптесіңіз куә.

– Жақсы, айтқаныңыздай болсын, бірақ нәліктен өзіңізді мас етіп көрсеткіңіз келді?

– Мен мас емеспін, бойымдағы ішімдік тарап кеткелі біраз болды, – деп күзетші ақтала бастады.

– Қайтыс болған жігітті танысыз ба?

– Мен ешкімді танымаймын.

– Сариев деген тегі сізге таныс емес пе?

Күзетшінің түрі сұрланып, көздері от шашып кеткендей. Оның өзін-өзі сабырға келтіруге тырысқаны байқалады.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын қызыңыздың айуандықпен өлтірілгенін білемін. Белгілі бизнесмен Сариевтің ұлы өлтірді деген хабар болды. Ешкім анығын білмейді. Көп ұзамай іс тоқтатылды, ешқандай айғақ та, куәгер де табылмады. Сіздің жүрегіңіз тыным таппады, мен сізді әке ретінде жақсы түсінемін. Қала сыртындағы күзет, сіздің жаралы жаныңызды емдеуге сәл де болса көмектескен шығар, алайда келетін қонақтардың тізімін көрген кезде, бұрынғы жан жараңыз қайта қанталады. Сариев Еркін, Ержан Сариевтің ұлы – Магнат. Ойыңызға бірден кек алу келді. Алдымен үйдегі камералардың барлығын жоқ қылдыңыз, ас үйдің есігін тек өзіңіз ғана аша алатын етіп қойдыңыз. Екі көлікпен келген жастардың ішінен Сариевті іздедіңіз. Достары Магнат деген лақап атты айтқан кезде, қызыңызды өлтірген сұмырайды буындырып өлтіргіңіз келді. Бірақ асығыстық жасап, жоспарды бұзғыңыз келмеді. Жастардың ішімдік әкелгені істі оңайлатып жіберген болуы керек. Араққа сылжия тойған күзетші ұйықтап қалады, одан ешкім күдіктенбеуі тиіс.

Сырттан барлығы бақылауға алынды. Сариев ас үйге жалғыз өзі келді. Ең қолайлы сәт, өттен жанына тағы біреуі келмегенде. Мүмкін бұл сәт ыңғайлы болар, жарықты дереу сөндіріп, ас үй есігінен ақырын кірдіңіз. Сариевтің жанындағы жігітті желкесінен алып ұрып, итердің де жігітке ас үйде тұрған пышақты екі рет сұғып, үшіншісін жүрек тұсына қадап, ас үйдің есігінен шығып кете бердің. Сенің саусақ іздерің жоқ, сен алдын ала ойластырып, қолғап кидің. Жанында қалған жігіт сенің соңыңнан жүгірді, ал сен лезде үйдің артына тығылдың. Артыңнан көрген адамдар сенің кім екеніңді біле алмады. Себебі күзетші мас күйінде ұйықтап жатқан, ешкім күдіктенбейді. Барлығы осылай болғаны анық, – деді тергеуші күзетшіге қарап.

– Мені ол жерден ешкім көрген жоқ, ешқандай дәлел де жоқ.

– Дәлел жоқ, себеп бар... Сариевтің өлімі ол жерде тек бір ғана адамға қажет болды, қызының кегін алғысы келген адамға. Алайда... Ержан Сариевтің ұлы осыдан 1 жыл бұрын нашаның артық досзасынан қайтыс болған еді.

Арада үңсіздік орнады. Күзетші басын төмен салған күйі көтермеді.

– Қалайша? Магнат деген лақап атпен танылған сұмырай сол емес пе еді, – деді дауысы дірілдей.

– Тегі бірдей, жөні бөлек. Достарының арасында сол лақап атқа ие болғаны үшін жас жігіт жазықсыз қаза болды.

– Бірақ мен... Жоқ олай болуы мүмкін емес... Мен ол сұмырайдың өлгенін естүім керек еді, қалайша? – деп айғай салды.

* * *

Отаралин өз қылмысын мойындады. Бірнеше жыл бойы жүрегінде сақтаған кек жазықсыз жанның өліміне әкелді.

Үздіксіз шалыған қоңырауды Абылай үшінші реттен көтерді:

«Бәрі дұрыс, алаңдама. Медғат жанымда, жарты сағаттан соң үйде боламыз»...

– Медғат...

– Әке...

– Анаң күтіп отыр, алаңдатпай үйге барайық.

– Иә, әке...

Бақыт ЖАЛИЕВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5960 дана Апталық таралым 11920 дана Тапсырыс №147 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31